

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы

Қаржылық есептілік

*2019 жыл үшін
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен*

Мазмұны

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы есеп	1
Пайда немесе зиян туралы есеп	2
Жиынтық кіріс туралы есеп	3
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	4
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	5

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызметінің сипаты	6
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі.....	6
3. Есеп саясатының негізгі ережелері	7
4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар.....	20
5. Ақша қаражаты мен оның баламалары	21
6. Кредиттік ұйымдардағы қаражат	22
7. Инвестициялық бағалы қағаздар.....	23
8. Клиенттерге берілетін несиелер	23
9. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	26
10. Сатуға арналған активтер	28
11. Қаржылық жалдауға арналған мүлік	28
12. Негізгі құралдар	29
13. Материалдық емес активтер	29
14. Қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа да салықтар.....	30
15. Берілген аванстар.....	30
16. Акционердің алдындағы берешек	30
17. Кредиттік ұйымдардың қаражаты.....	31
18. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	32
19. Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек	32
20. Салық салу	33
21. Алынған аванстар	34
22. Несиелік залалдар бойынша шығыстар.....	35
23. Басқа да активтер мен міндеттемелер.....	36
24. Капитал.....	37
25. Шарттық және шартты міндеттемелер	38
26. Басқа да кірістер	39
27. Персонал шығыстары және басқа да операциялық шығыстар.....	40
28. Тәуекелдерді басқару	40
29. Өділ құнды бағалау	50
30. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау.....	53
31. Байланысты тараптармен операциялар	54
32. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер.....	55
33. Капитал жеткіліктігі.....	55
34. Есепті күннен кейінгі оқиғалар	56



«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамның Акционері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - «Компания») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, пайда немесе зиян туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Компанияға қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері – біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты бұл мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселеге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

**EY**Building a better
working world

Аудиттің шешуші мәселесі	Шешуші мәселе ретінде аудитіміздің барысында қарастырылды
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және клиенттерге берілген несиелер бойынша күтілетін несиелік залалдар резерві	
<p>«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және клиенттерге берілген несиелер бойынша күтілетін несиелік залалдар резервінің деңгейін бағалау Компания басшылығы пайымдауының шешуші аясы болып табылады. Актив алғаш рет танылған сәттен бастап несиелік тәуекелінің айтарлықтай ұлғаю факторларының анықталуы, дефолт ықтималдылығының және дефолт кезінде шығындар деңгейінің мәндерін айқындау субъективті пайымдауды, жорамалдар мен түрлі тарихи, ағымдағы және болжамды ақпаратты талдауды айтарлықтай пайдалану амалдарын қосатын процестер болып табылады.</p> <p>Түрлі модельдер мен жорамалдарды пайдалану қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және клиенттерге берілген несиелер бойынша күтілетін несиелік залалдар резервінің деңгейіне едәуір әсер ете алады.</p> <p>2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек пен клиенттерге берілген несиелер сомаларының қомақты болуына, сондай-ақ кәсіптік пайымдауды едәуір пайдаланудың күшіне орай, күтілетін несиелік залалдарының резервін бағалау аудиттің шешуші мәселесін білдірді.</p> <p>Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және клиенттерге берілген несиелер бойынша күтілетін несиелік залалдар туралы ақпарат қаржылық есептіліктің «Клиенттерге берілген несиелер» 8-ескертпесінде, «Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек» 9-ескертпесінде, «Несиелік залалдар бойынша шығыстар» 22-ескертпесінде және «Тәуекелдерді басқару» 28-ескертпесінде көрсетілген.</p>	<p>Біздің аудиторлық процедураларымызға қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және клиенттерге берілген несиелер бойынша күтілетін несиелік залалдарының резервін бағалау әдістемесін талдау, сондай-ақ мерзімі өткен берешек мерзімі және активтің несиелік сапасының нашарлауы себебімен берешектің қайта құрылымдауының болуы жататын актив алғаш рет танылған сәттен бастап несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаю факторларын анықтау процестеріне бақылау құралдарын талдау және тестілеу кіреді.</p> <p>Аудиторлық процедураларымыздың барысында біз, іріктелген негізде, жорамалдарды талдап, Компания қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және клиенттерге берілген несиелер бойынша күтілетін несиелік залалдарының резервін бағалау кезінде пайдаланған бастапқы деректерді, оның ішінде берешекке қызмет көрсету бойынша статистикалық деректерді, жалға алынған мүліктің алынуы немесе кепіл мүлкінің сатылуы және берешектің ақша қаражатымен өтелуі нәтижесінде дефолт болған жағдайда шығындардың өтелуін, сондай-ақ болжамды макроэкономикалық факторлардың әсерін тестіледік.</p> <p>Біз күтілетін несиелік залалдарының резервін қайта есептедік.</p> <p>Біз қаржылық есептіліктің Ескертпелерінде ашылып көрсетілген қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және клиенттерге берілген несиелер бойынша күтілетін несиелік залалдардың резерві туралы ақпаратты сараладық.</p>

Компанияның 2019 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Компанияның 2019 жылғы Жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Компанияның 2019 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Директорлар кеңесінің қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Компанияны таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Компанияның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз Директорлар кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.


Сондай-ақ біз Директорлар кеңесіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және оған барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз Директорлар кеңесінің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.


Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші, - Пол Кон.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Пол Кон
Аудит жөніндегі партнер



Ольга Хегай
Аудитор



Гульмира Турмагамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры



Аудитордың 2015 жылғы 25 қыркүйектегі
№ МФ-0000286 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы
МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2020 жылғы 31 наурыз

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2019 жылғы 31 желтоқсанға**

(мың теңгемен)

	Ескерт.	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан*
Активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5	20.580.665	44.798.305
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	6	8.451.527	–
Инвестициялық бағалы қағаздар	7	11.179.190	–
Клиенттерге берілетін несиелер	8	36.929.798	43.004.358
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	9	226.615.145	186.617.217
Сатуға арналған активтер	10	511.083	–
Қаржылық жалдауға арналған мүлік	11	7.704.941	10.740.178
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	20	134.137	175.427
Негізгі құралдар	12	463.556	995.816
Материалдық емес активтер	13	581.104	554.969
Қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа да салықтар	14	6.137.493	3.891.038
Берілген аванстар	15	5.597.916	7.190.060
Басқа да активтер	23	849.024	966.510
Активтердің жиыны		325.735.579	298.933.878
Міндеттемелер			
Акционердің алдындағы берешек	16	54.136.402	67.232.037
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	17	75.934.329	41.807.710
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	18	65.384.934	64.596.068
Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек	19	5.861.586	4.802.218
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	20	754.648	1.338.197
Алынған аванстар	21	4.795.803	4.263.925
Кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер		7.642.894	5.070.632
Басқа да міндеттемелер	23	1.965.997	3.473.379
Міндеттемелер жиыны		216.476.593	192.584.166
Капитал			
Жарғылық капитал	24	82.837.204	82.837.204
Қосымша төленген капитал	24	26.156.975	25.730.293
Резервтік капитал	24	1.436.184	1.436.184
Шартты бөлу резерві	24	(9.605.611)	(9.605.611)
Бөлінбеген пайда		8.434.234	5.951.642
Капитал жиыны		109.258.986	106.349.712
Міндеттемелер мен капитал жиыны		325.735.579	298.933.878
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	24	1.311,95	1.277,14

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2018 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2-ескертпеде келтірілген.

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избастин

Гүлнар Такишевна Шоданова

2020 жылғы 31 наурыз



(Handwritten signatures in blue ink)

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

6-56 бет аралығында қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН ТУРАЛЫ ЕСЕП**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

(мың теңгемен)

	<i>Ескерт.</i>	2019 жыл	2018 жыл
Тиімді мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары		1.438.785	1.486.056
Клиенттерге берілген несиелер		4.050.708	4.491.387
Инвестициялық бағалы қағаздар		483.446	173.417
		5.972.939	6.150.860
Басқа да пайыздық кірістер			
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		26.492.528	19.995.116
		26.492.528	19.995.116
Пайыздық кірістер жиыны		32.465.467	26.145.976
Пайыздық шығыстар			
Акционердің алдындағы берешек		(4.488.460)	(5.150.325)
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		(5.332.674)	(3.597.104)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(6.865.312)	(4.859.740)
Пайыздық шығыстар жиыны		(16.686.446)	(13.607.169)
Таза пайыздық кіріс		15.779.021	12.538.807
Несиелік залалдар бойынша шығыстар	22	(1.208.591)	(2.818.840)
Несиелік зияндар бойынша шығыстардан кейінгі таза пайыздық кіріс		14.570.430	9.719.967
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза (шығыстар) / кірістер		(390.004)	469.670
Басқа да кірістер	26	831.792	970.887
Персонал шығыстары	27	(2.785.088)	(2.729.776)
Басқа да операциялық шығыстар	27	(1.068.777)	(913.138)
Амортизация	12, 13	(289.283)	(231.506)
Мойындауды тоқтатуға әкеп соқтырмайтын қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек пен клиенттерге берілген несиелерді түрлендіруден болған таза залал	8,9	(1.472.203)	(664.681)
Резервтерді құрудан және құнсыздануынан болған басқа да шығыстар	22	(660.306)	(189.906)
Пайыздық емес шығыстар		(5.833.869)	(3.288.450)
Корпоративтік табыс салығының үнемділігіне дейінгі пайда		8.736.561	6.431.517
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемділік	20	474.403	296.855
Бір жылғы пайда		9.210.964	6.728.372
Акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)	24	111,19	81,22

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избастин

Гүлнар Такишевна Шоданова

2020 жылғы 31 наурыз



(Handwritten signature)

(Handwritten signature)

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

(мың теңгемен)

	Ескерт.	2019 жыл	2018 жыл
Бір жылғы пайда		9.210.964	6.728.372
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		-	-
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		9.210.964	6.728.372

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избагин



(Handwritten signature)

Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

(Handwritten signature)

Бас бухгалтер

2020 жылғы 31 наурыз

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

(мың теңгемен)

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Резервтік капитал	Шартты бөлу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2017 жылғы 31 желтоқсанға	82.837.204	24.912.791	1.436.184	(9.542.733)	3.141.505	102.784.951
9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың өсері	-	-	-	-	(346.015)	(346.015)
9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес қайта есептелген сальдо	82.837.204	24.912.791	1.436.184	(9.542.733)	2.795.490	102.438.936
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	6.728.372	6.728.372
Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан болған кіріс (24-ескертпе)	-	817.502	-	-	-	817.502
Жарияланған дивидендтер (24-ескертпе)	-	-	-	-	(3.572.220)	(3.572.220)
Бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв (24-ескертпе)	-	-	-	(62.878)	-	(62.878)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	82.837.204	25.730.293	1.436.184	(9.605.611)	5.951.642	106.349.712
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	9.210.964	9.210.964
Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан болған кіріс (24-ескертпе)	-	426.682	-	-	-	426.682
Жарияланған дивидендтер (24-ескертпе)	-	-	-	-	(6.728.372)	(6.728.372)
Бір жылғы шартты бөлу бойынша резерв (24-ескертпе)	-	-	-	-	-	-
2019 жылғы 31 желтоқсанға	82.837.204	26.156.975	1.436.184	(9.605.611)	8.434.234	109.258.986

Компания Басқармасы абынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:



Қаныш Еңбергәйұлы Қызылбай

Басқарма Төрағасы

Гүлнар Рахметовна Ноланова

Бас бухгалтер

2020 жылғы 31 наурыз

6-56 бет аралығында қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>Ескерт.</i>	2019 жыл	2018 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Түскен пайыздар		28.579.278	22.968.078
Төленген пайыздар		(13.687.902)	(9.941.005)
Шетел валюталарымен операциялар бойынша кірістерді шегере отырып жұмсалған шығыстар		(71.523)	(123.105)
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(2.798.188)	(2.689.031)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(998.588)	(882.191)
Басқа да түскен кірістер		695.311	453.882
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағындары		11.718.388	9.786.628
<i>Операциялық активтердің таза (көбеюі)/азаяуы</i>			
Кредиттік ұйымдардағы қаражат		(8.397.531)	-
Клиенттерге берілетін несиелер		4.211.586	2.187.468
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		(28.733.868)	(7.826.399)
Қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа да салықтар		(2.246.455)	(784.700)
Берілген аванстар		(135.629)	(4.644.534)
Басқа да активтер		(279.798)	(126.120)
<i>Операциялық міндеттемелердің таза көбеюі/(азаяуы)</i>			
Алынған аванстар		778.715	792.588
Басқа да міндеттемелер		(2.111.137)	(905.603)
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтегі ақша қаражатының таза жұмсалыуы		(25.195.729)	(1.520.672)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(215.818)	(232.401)
Операциялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалыуы		(25.411.547)	(1.753.073)
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша ағындары			
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу		(11.152.666)	-
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	12, 13	(403.297)	(211.840)
Негізгі құралдарды өткізуден түскен түсім		-	795
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалыуы		(11.555.963)	(211.045)
Қаржылық қызметтен ақша ағындары			
Акционерден қарыздардың түсуі	32	-	11.232.415
Акционерден алынған қарыздарды өтеу	32	(15.531.974)	(22.971.379)
Кредиттік ұйымдардан қарыздар алу	32	40.225.000	19.000.000
Кредиттік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу	32	(6.109.535)	(17.617.865)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер	32	10.233.955	17.250.959
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша өтеулер	32	(9.389.000)	-
Акционерге төленген дивидендтер	24	(6.728.372)	(3.572.220)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза түсімі		12.700.074	3.321.910
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		49.320	2.202.417
Күтілетін несиелік залалдардың ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері	5	476	(1.071)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза (азаяуы)/көбеюі		(24.217.640)	3.559.138
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	44.798.305	41.239.167
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	5	20.580.665	44.798.305
Ақшалай емес операциялар			
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтердің басқа салықтар бойынша міндеттемелерге қарсы есепке алу		41.290	-

Компания Басқармасы атынан шығаруға қол қойылды және бекітілді:

Қаныш Теміртайұлы Избастин

Басқарма Төрағасы

Гүлнар Такишевна Шоданова

Бас бухгалтер

2020 жылғы 31 наурыз

6-56 бет аралығында қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажыратылмас бөлігі болып табылады.

(мың теңгемен)

1. Қызметінің сипаты

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 24 қарашадағы №1777 Қаулысымен құрылды. Компания Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚРҰБ») 2006 жылғы 31 наурызда берген Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген операцияларды жүргізуге арналған № 16 лицензияның негізінде өз қызметін жүзеге асырады. Сонымен бірге, Компанияның ҚРҰБ 2006 жылғы 23 қыркүйектегі № 195 қаулысына сай қаржы агенті мәртебесіне ие.

Компанияның негізгі қызмет түрлері мыналар:

- агроөнеркәсіптік кешенде лизинг қызметі;
- агроөнеркәсіптік кешенді несиелендіру;
- агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған республикалық бюджеттік және өзге де бағдарламалардың іске асырылуына қатысу.

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Кенесары көшесі, 51-үй.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген 16 филиалы бар (2018 жылғы 31 желтоқсан: Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген 15 филиал).

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдинг» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «ҚазАгро» немесе «Акционер») Компанияның жалғыз акционері болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның түпкі меншік иесі болып табылады.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі**Жалпы бөлім**

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Осы қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде аталып өткенді қоспағанда, нақты шығындар бойынша бағалауды есепке алу қағидатына сәйкес әзірленді.

Қаржылық есептілік бір жай акцияның баланстық құны есебінен алынған деректерді қоспағанда немесе егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «мың теңге») көрсетілген.

Қайта жіктеулер

Келесі қайта жіктеулер 2019 жылы деректерді ұсыну форматына сәйкес келтіру үшін 2018 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есепте орындалды:

2018 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жағдай туралы есеп	Алдыңғы есептілікке сай	Қайта жіктеу сомасы	Түзетілген сома
Басқа да міндеттемелер	8.275.597	(4.802.218)	3.473.379
Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек	–	4.802.218	4.802.218

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері

Есеп саясатындағы өзгерістер

Компания 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталған жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енетін стандарттарға бірқатар түзетулерді алғаш рет қолданды. Компания шығарылған, бірақ күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ. Өр түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған:

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

16 ХҚЕС (IFRS) 17 ХҚЕС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. Стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың баланста есепке алудың бірыңғай моделін пайдалана отырып жалдау шарттарының көпшілігінің көрсетуін талап етеді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық. Осылайша, 16 ХҚЕС (IFRS) қолдану Компания жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарының есепке алынуына әсерін тигізбеді.

Компания 16 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет түрлендірілген ретроспективті қолдану әдісін пайдалана отырып 2019 жылғы 1 қаңтарда қолданды. Бұл әдіске сай стандарт бастапқы қолдану күніне стандартты бастапқы қолданудың жалпы әсерін мойындай отырып ретроспективті түрде қолданылады. Стандартқа өту кезінде Компания бастапқы мойындау күніне 17 ХҚЕС-ті (IAS) және 4 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмелерін қолдана отырып стандартты жалдау шарттары ретінде бұрын сәйкестендірілген шарттарға ғана қолдануға мүмкіндік беретін іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдетуді пайдалануды шешті. Сондай-ақ Компания солар бойынша жалдау мерзімі жалдаудың басталу күніне 12 айдан артық емес мерзімді құрайтын және сатып алу опционын (қысқа мерзімді жалдау) қамтитын жалдау шарттары үшін, сондай-ақ солар бойынша базалық активтің төмен құны бар (төмен құны бар активтерді жалдау) жалдау шарттары үшін мойындаудан босатуды пайдалануды шешті.

(а) 16 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет қолдану әсерінің сипаты

Компанияның офистік үй-жайларды және көлік құралдарын жалдау шарттары бар. 16 ХҚЕС (IFRS) қолданғанға дейін Компания жалдау қатынастарының басталу күніне әрбір мұндай жалдау шартын (сол бойынша жалға алушы болған) операциялық жалдау ретінде жіктеді. Операциялық жалдау шарттары бойынша жалға алынған мүліктің құны капиталданбады, ал жалдау төлемдері жалдау шығыстары ретінде пайданың немесе зиянның құрамында жалдау мерзімінің бойына тікжелілік әдіспен мойындалды. Барлық аванстық жалдау төлемдері мен есептелген жалдау төлемдері «Басқа активтердің» және «Басқа міндеттемелердің» құрамында танылды.

16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың нәтижесінде Компания операциялық жалдау шарттарын қысқа мерзімді жалдау ретінде мойындау және бағалау тәсілін пайдаланды.

Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдау

Компания жалға алушы ретінде болған қаржылық жалдау шарттарын жасамады, тиісінше, мұндай шарттарды 16 ХҚЕС-ке (IFRS) сай мойындауға және бағалауға қатысты болған өзгерістер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сай операциялық жалдау шарттары ретінде жіктелген жалдау шарттарына қатысты Компания оларды бағалау және мойындау тәсілін өзгертпеді, өйткені Компания қысқа мерзімді жалдау шарттарын жасауда.

(б) Жаңа есеп саясатының негізгі ережелері

Төменде бастапқы мойындалған күннен бастап қолданылған 16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың нәтижесінде Компанияның жаңа есеп саясатының негізгі ережелері көрсетілген.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» (жалғасы)

(б) Жаңа есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Компания соларға қатысты жалға алушы ретінде болатын қаржылық жалдау шарттары жасалған жағдайда:

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Компания жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Егер Компанияда ол жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығын алатындығына жеткілікті сенімділігі болмаса, пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив келесі кезеңдердің ең қысқасының бойына желілік әдіспен амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдаудың басталу күніне Компания жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Компанияның бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Компанияның жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Компания, егер жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлеме оңай айқындала алмаса, жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен бірге, жалдау мерзімі түрлендірілген, өзгертілген, іс мәні бойынша белгіленген жалдау төлемдері өзгертілген немесе базалық активті сатып алу опционын бағалау амалы өзгертілген жағдайда жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құны қайта бағаланады.

Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау

Компания қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Сондай-ақ Компания төмен құны бар офистік жабдықты жалдауға қатысты мойындаудан босатуды құны төмен деп есептелетін активтерді жалдау шарттарына қолданады. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің бойына желілік әдіспен жалдау бойынша шығыс ретінде танылады.

Ұзарту опционымен жасалған шарттарда жалдау мерзімін айқындау кезіндегі елеулі пайымдаулар

Компания жалдау мерзімін соларға қатысты жалдауды ұзарту опционы көзделген кезеңдермен бірге, егер ол орындалады деген жеткілікті сенімділік болса, немесе егер ол орындалмайды деген жеткілікті сенімділік болса, соған қатысты жалдауды тоқтату опционы көзделген кезеңдермен бірге жалдау кезеңі мерзімінен бұрын тоқтатылуға жатпайтын ретінде айқындайды.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау» (жалғасы)

(б) Жаңа есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржылық жағдай туралы есепте және пайда немесе зиян туралы есепте танылған сомалар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания соларға қатысты жалға алушы болып табылатын қаржылық жалдау шарттарын жасамады. Есепті кезеңде Компания 106.003 мың теңге мөлшерінде қысқа мерзімді жалдауға жататын шығыстарды мойындады және төмен құны бар активтерді жалдау шарттарын жасамады (27-ескертпе).

Компания жалдау шарттарына қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды қолданды, оларды жалдау мерзімі бастапқы мойындау күніне 12 айдың ішінде өтеді. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Компаниямен жасалған операциялық жалдау шарттары қысқа мерзімді болып табылады және ұзартуға опциондары жоқ.

Жоғарыда көрсетілгенге сүйене отырып, 16 ХҚЕС-ті (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтарға қолдану Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру салықтық баяндауларға қатысты белгісіздік болған талаптарда пайдаға салынатын салықтарды есепке алу тәртібін қарастырады, бұл «Пайда салықтары» 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты ерекше талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді қарастырмайды:

- ұйым айқындалмаған салықтық баяндауларды бөлек қарастырмай;
- ұйым салық органдарының салықтық баяндауларды тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық зиянын), салық базасын, пайдаланылмаған салық зияндарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Компания әрбір анықталмаған салық түсіндірмесін бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа анықталмаған салық түсіндірмелерімен бірге талқылау қажеттілігін айқындайды және белгісіздікті шешу нәтижесін барынша дәл болжауға мүмкіндік беретін тәсілді пайдаланады.

Түсіндіруді қолдану кезінде Компания трансферттік баға белгілеуге қатысты қандай да бір белгілі емес салық түсіндірмесінің бар екендігін саралайды. Компанияның түрлі юрисдикциялардағы салық декларацияларына трансферттік баға белгілеумен байланысты есептен шығарулар жатады және салық органдары бұл салық түсіндірмелерін тексере алады. Компания салық заңнамасының талаптарын орындайтындығын ескере отырып және трансферттік баға белгілеудің қолданылатын практикасын талдауына сүйене отырып, Компания салық органдары қолданатын салық түсіндірмелерінің қабылдануы ықтимал болып табылады деген тұжырымға келді. Бұл түсіндірме Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

«Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай борыштық құрал шартта көзделген ақша ағындары «борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебінен төлемдер» (SPPI критерийлері) болып табылатындығы және құрал мұндай жіктеуге жол беретін тиісті бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын құрал екендігі талабымен басқа да жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалана алады. 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер қаржы активі шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына әкеп соқтыратын оқиғаға немесе жағдайға қарамастан және қай тараптың шарттың мерзімінен бұрын бұзылуы үшін негізделген өтемақыны төлейтіндігіне немесе алатындығына қарамастан SPPI критерийлерін қанағаттандыратындығын түсіндіреді. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

ХҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015-2017 жылдар

12 ХҚЕС (IAS) «Пайда салықтары»

Түзетулер, дивидендтерге қатысты салық салдары көпшілік жағдайда меншік иелерінің арасында бөлумен қарағанда, бөлінетін пайданы әкелген бұрынғы операциялармен немесе оқиғалармен байланысты екендігін түсіндіреді. Тиісінше, ұйым ұйымның бастапқыда бұл операцияларды немесе оқиғаларды қай жерде мойындағандығына қарай дивидендтерге қатысты салық салдарын пайда немесе зиян, басқа да жиынтық кіріс немесе меншікті капитал құрамында мойындауы тиіс.

Ұйым бұл түзетулерді 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолдануы тиіс. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулерді алғаш рет қолдану кезінде ұйым оларды ең ерте салыстырмалы кезеңнің басталу күніне немесе осы күннен кейін мойындалған дивидендтерге қатысты салық салдарына қолданылуы тиіс.

Компанияның қолданыстағы саясаты түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, олардың қолданылуы Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

23 ХҚЕС (IAS) «Қарыздар бойынша шығындар»

Түзетулер, ұйым жіктелетін активті сатып алу үшін арнайы алынған қарыздарды ортақ мақсаттарға арналған қарыздардың құрамында, бұл активті мақсатына лайық пайдалануға немесе сатуға дайындауға қажетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталғанда ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді.

Ұйым бұл түзетулерді ұйым түзетулерді алғаш рет немесе осы күннен кейін қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне орын алатын қарыз алулар бойынша шығындарға қатысты қолдануы тиіс. Ұйым бұл түзетулерді 2019 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты қолдануы тиіс. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Компанияның қолданыстағы саясаты түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, олардың қолданылуы Компанияның қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Әділ құнды бағалау

Активтің сатылғаны үшін алынған немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттеменің берілгені үшін төленген баға әділ құны болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Компанияның негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізу мүмкіндігі болуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде нарыққа қатысушылар пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің ең шынайы мүдделерінде іс-қимыл жасайды. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Компания қалыптасқан жағдайда қолайлы болатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болатын деректер қолжетімді болатын бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл ретте орынды байқалатын бастапқы деректерді барынша және байқалмайтын бастапқы деректерді мейлінше пайдаланады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да-бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері.
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте мерзімді негізде мойындалатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайта талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару фактісін айқындайды.

Қаржы активтері мен міндеттемелер

Бастапқы тану

Мойындау күні

Қаржы активтері мен міндеттемелерін стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалы мәміленің жасалу күніне, яғни Компания активті немесе міндеттемені сатып алу міндеттемесін өз мойнына алатын күнге көрсетіледі. Стандартты талаптарда сатып алу немесе сату амалына қаржы активтері мен міндеттемелерін шарт шеңберінде сатып алу немесе сату жатады, оның талаптары бойынша активтер мен міндеттемелерді нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзімнің шегінде қою талап етіледі.

Бастапқы бағалау

Қаржы құралдарын бастапқы тану кезінде жіктеу шарттық талаптардан және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-модельден тәуелді болады. Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер пайда немесе зиян арқылы әділ құны (ПЗӘҚ) бойынша бағаланған жағдайлардан басқа, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаты

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Компания өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін қолданылатын бизнес-модельдің және мыналар бойынша бағаланатын активтердің шартты талаптарының негізінде жіктейді:

- амортизацияланған құны;
- басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны (БЖКӨК);
- ПЗӘҚ.

Компания туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Компания өз қарауына қарай қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады, егер мұндай жіктеу амалы бағалау немесе мойындау қағидаларын қолданудың бірізді болмауын жоюға немесе едәуір азайтуға мүмкіндік берсе.

Қаржылық міндеттемелер, қарыздар мен қаржылық кепілдіктерді беру міндеттемелерінен басқа, амортизацияланған құны бойынша немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланды, егер олар саудаға арналған немесе туынды құралдар болса, не болмаса ұйымның қарауына қарай әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелсе.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)

Кредиттік ұйымдардағы қаражат, клиенттерге берілген несиелер, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

Компания кредиттік ұйымдардағы қаражатты, клиенттерге берілген несиелерді және басқа да қаржы инвестицияларын амортизацияланған құны бойынша бағалайды, тек егер келесі қос талап орындалатын болса ғана:

- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне (SPPI) борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Бұл талаптар барынша толық төменде қарастырылады.

Бизнес-модельді бағалау

Компания бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсаттарына қол жеткізу үшін топтарға біріктірілген қаржы активтері қалайша басқарылатындығын барынша жақсы көрсететін деңгейде айқындайды.

Компанияның бизнес-моделі бөлек құралдар деңгейінде емес, портфельдерді агрегациялаудың барынша жоғары деңгейінде бағаланады және мынадай бақыланатын факторларға негізделген:

- бизнес-модельдің нәтижелілігі мен бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалайша бағаланатындығына және бұл ақпарат ұйымның шешуші басқарушы персоналына қалайша хабарланатындығына;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер және, атап айтқанда, бұл тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлерге қалайша ынталандырылатындығына (мысалы, сыйақы басқарылатын активтің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);
- сатудың күтілетін жиілігі, көлемі мен мерзімдері Компанияның бизнес-моделін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельдің бағалануы «ең нашар» немесе «стресстік» сценарийлерді ескерместен, пайда болуы негізделген түрде күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер ақша ағындары бастапқы мойындалғаннан кейін Компания үміттерінен басқа тәсілмен іске асырылса, Компания бұл бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелуін өзгертпейді, бірақ келешекте мұндай ақпаратты жуырда құрылған немесе жуырда сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер» тестісі (SPPI тестісі)

Жіктеу процесінің екінші сатысының шеңберінде Компания шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер (яғни SPPI тестісі) болып табылатындығын анықтау үшін қаржы активінің шартты талаптарын бағалайды.

Бұл тесттің мақсаттары үшін «негізгі борыш сомасы» бастапқы мойындау кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді, және ол бұл қаржы активі қолданылуының барлық мерзімінің бойына өзгере алады (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебінен төлемдер немесе сыйлықақының/дисконттың амортизациясы орын алса).

Несие шартының шеңберінде пайыздардың барынша едәуір элементтері әдетте ақшаның уақытша құны үшін өтемақы және несиелік тәуекел үшін өтемақы болып табылады. SPPI тестісін өткізу үшін Компания пайымдауды қолданып, орынды факторларды, мысалға, қаржы активінің қай валютада білдірілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді саралайды.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)

«Борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебінен ғана төлемдер» тестісі (SPPI тестісі) (жалғасы)

Сол уақытта тәуекелдерге ұшырағыштыққа немесе шартта көзделген, базалық несие келісімімен байланысты емес ақша ағындарының волатильділігіне аз ғана әсер ететін шарттық талаптар, борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебіне төлемдер болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарының пайда болуын негіздемейді. Мұндай жағдайларда қаржы активін ПЗӨҚ бойынша бағалау қажет.

БЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар

Компания борыштық құралдарды БЖКӨҚ бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын құрал, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы, сол сияқты қаржы активтерін сату арқылы қол жеткізіледі;
- қаржы активінің шартты талаптары SPPI тестісінің критерийлерін орындайды.

БЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар, кейіннен әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі нәтижесінде туындайтын пайда немесе зияндар БЖК құрамында танылады. Валюта бағамдарының өзгеруінен түскен пайыздық түсім және пайда немесе зияндар амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жағдайындай дәл осылайша пайда немесе зиян құрамында танылады. Мойындау тоқтатылғаннан кейін, бұрын БЖК құрамында танылған жинақталған пайда немесе зиян БЖК құрамынан пайда немесе зиян құрамына қайта жіктеледі.

БЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша КНЗ қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша бағалануын жалғастыратын бұл қаржы активтерінің баланстық құнын азайтпайды. Бұның орнына активті амортизацияланған құны бойынша бағалау кезінде құрылған күтілетін залалдардың бағалау резервіне тен болатын сома тиісті сомаларды пайда немесе зиян құрамында мойындай отырып құнсыздандудың жинақталған сомасы ретінде БЖК құрамында танылады. БЖК құрамында танылған залалдардың жинақталған сомасы активтің мойындалуы тоқтаған кезде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктеледі.

Кей уақытта Компания кейбір инвестициялар үлестік құралдарға бастапқы мойындалған кезде, оның күшін кейіннен айыру құқығынсыз, оларды БЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар ретінде жіктеуге, егер олар *«Қаржы құралдары: ұсыну»* 32 ХҚЕС-сай (IAS) сай үлестік құралдың анықтамасына жауап берсе және саудаға арналмаса, шешім қабылдайды. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша бөлек қабылданады.

Мұндай үлестік құралдар бойынша пайда мен зияндар ешқашан пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктелмейді. Дивидендтер, Компания мұндай құралдың бастапқы құнының бір бөлігінің өтемақысы ретінде мұндай түсімдерден пайда алған жағдайлардан басқа, дивидендтерді алуға құқық белгіленгенде пайда немесе зиян құрамында басқа да кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда пайда БЖК құрамында танылады. БЖКӨҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағаланбайды. Мұндай құралдар есептен шығарылған кезде қайта бағалау бойынша жинақталған резерв бөлінбеген пайда құрамына ауыстырылады.

Қаржылық кепілдіктер және несиелерді беру міндеттемелері

Компания қаржылық кепілдіктер мен несиелерді беру міндеттемелерін шығарады.

Қаржылық кепілдіктер бастапқыда қаржылық есептілікте әділ құны бойынша алынған сыйлықақы сомасында танылады. Бастапқы танудан кейін Компания әрбір кепілдік бойынша өз міндеттемесін пайда немесе зиян туралы есепте танылған жинақталған амортизацияны және КНЗ бағалау резервін шегере отырып бастапқыда танылған сомадан ең үлкен өлшем бойынша бағалайды.

Несиелерді беру міндеттемелері шарттық міндеттемелер болып табылады, солардың талаптары бойынша міндеттеменің қолданылу мерзімінің ішінде Компания клиентке күні бұрын аталған талаптарда несиені беруге міндетті. Қаржылық кепілдік шарттары жағдайындағыдай 39 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес мұндай құралдар бойынша резерв құрылды, егер олар ауыртпашылықты болса, дегенмен 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап мұндай міндеттемелерге қатысты КНЗ бағалауға қатысты талаптар қолданылады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтері мен міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы бағалау (жалғасы)

Қаржылық кепілдіктер және несиелерді беру міндеттемелері (жалғасы)

Компания кей кездерде несиелерді нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша беру міндеттемесін шығарады. Мұндай міндеттемелер бастапқыда әділ құны бойынша танылады және кейіннен КНЗ бағалау резервінің сомасынан және орынды болғанда шегере отырып бастапқыда танылған сомадан, кірістің танылған жинақталған сомасынан ең көп көлемі бойынша бағаланады.

Орындау кепілдігі

Орындау кепілдіктері – егер басқа тарап шартта көзделген міндетті орындамаса, өтемақыны беретін шарттар. Орындау кепілдігі несиелік тәуекелді бермейді. Орындау кепілдігі бар шарт бойынша тәуекел басқа тараптың шартта көзделген міндетті орындамау мүмкіндігі болып табылады. Тиісінше, орындау кепілдіктері қаржы құралдары болып табылады және сондықтан 9 ХҚЕС-тің (IFRS) қолданылу аясына жатпайды.

Қаржы активтері мен міндеттемелерді қайта жіктеу

Компания қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгертетін айрықша жағдайлардан басқа, қаржы активтері бастапқыда танылғаннан кейін қайта жіктелмейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді. 2019 жылы Компания қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктемеді.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына қандай да бір шарттық міндеттемелер жүктелмеген қолма-қол қаражат және пайда болған күннен бастап 90 (тоқсан) күннен астам емес өтеу мерзімі бар кредиттік ұйымдардағы қаражат жатады.

Қарыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Компанияның не ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін қою, не міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау арқылы өзге түрде орындау міндеттемесі болады. Мұндай құралдарға акционердің алдындағы берешек және кредиттік ұйымдардың қаражаты жатады. Бастапқыда мойындалғаннан кейін қарыз қаражаты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайда немесе зиян құрамында бейнеленеді.

Компания өзінің берешегін сатып алған жағдайда, соңғысы қаржылық жағдай туралы есептен алынып тасталады, ал міндеттемелердің баланстық құны мен төленген қаражат сомасының арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

Өзара есепке алу

Қаржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдоны бейнелей отырып, қаржы активтері мен міндеттемелерді өзара есепке алу өзара есепке алуды жүргізуге заңды бекітілген құқық және бір мезгілде міндеттемені реттеумен активті іске асыру ниеті болған кезде ғана жүзеге асырылады. Есепке алу құқығы келешектегі оқиғаға негізделмеуі тиіс және барлық келесі жағдайларда заңды күшке ие болуы тиіс:

- әдеттегі қызметтің барысында;
- міндеттемелер орындалмаған жағдайда; және
- ұйым немесе қарсы агенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болып қалған жағдайда.

Бұл шарттар, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Несилерді қайта құрылымдау

Кепіл затын өндіріп алудың орнына, мүмкіндігіне қарай, Компания несиелер бойынша талаптарды қайта қарастыруға тырысады, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартып, несие берудің жаңа талаптарын келіседі.

Компания қаржы активін, мысалы, клиентке берілген несиені мойындауды тоқтатады, егер шарт талаптары ол шын мәнінде жаңа несиеге айналатындай етіп қайта қаралады, ал айырма мойындалған құнсызданудан болған залалды ескере отырып мойындауды тоқтатудан болған пайда немесе зиян ретінде танылады. Бастапқыда танылған кезде несиелер, құрылған несие СҚНҚ активі болып саналған жағдайлардан басқа, КНЗ бағалау мақсатында 1-кезеңге жатады. Клиентке берілген несиені мойындауды тоқтату қажеттілігін бағалау кезінде Компания, өзгесінен басқа, келесі факторларды қарастырады:

- несие валютасының өзгеруі;
- қарсы агенттің өзгеруі;
- құрал бұдан былай SPPI тестісінің критерийлеріне жауап бермейтіндігіне түрлендірілуі.

Егер түрлендіру амалы ақша ағындарының едәуір өзгеруіне әкеп соқтырмаса, түрлендіру мойындауды тоқтатуға әкеп соқтырмайды. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде, Компания түрлендіруден болған пайданы немесе зиянды мойындайды, олар құнсызданудан болған залал танылғанға дейін пайда немесе зиян туралы есепте басқа да кірістердің немесе шығыстардың құрамында білдіріледі.

Мойындалудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіру амалы жасалған жағдайда, Компания несиелік тәуекелдің айтарлықтай артуын немесе активтерді несиелік-құнсызданған ретінде жіктеу қажеттілігін қайталап бағалайды. Актив түрлендірудің нәтижесінде несиелік-құнсызданған ретінде жіктелгеннен кейін ол 3-кезең құрамында кем дегенде 6 айлық сынақ кезеңінің бойына қалады. Қайта құрылымдалған қарызды 3-кезеңнен аудару үшін төлемдердің түрлендірілген кестесіне сәйкес сынақ кезеңінің кем дегенде жартысының ішінде негізгі борыштың немесе пайыздардың елеусіз сомаларынан артық тұрақты төлемдер қажет.

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активі (немесе, қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе дәл сондай қаржы активтері тобының бір бөлігі), егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын берсе немесе алған ақша ағымдарын толығымен елеулі кешіктіріусіз «транзит» келісім талаптарында үшінші тарапқа аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ;
- Компания (а) не активтен түсетін бүкіл пайда мен тәуекелді түгелімен дерлік берсе, (б) не бермесе, алайда активтен түсетін пайда мен тәуекелді өзінде де сақтамайтын болса, бірақ осы активтің бақылануын берсе.

Компания активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын оған байланысты бүкіл пайда мен тәуекелді бермей де, өзінде сақтамай да, сондай-ақ активтің бақылануын бермей де берсе, мұндай актив есепке алуда Компанияның бұл активтегі қатысуын жалғастыратын шекте бейнеленеді. Берілген актив бойынша кепілдік нысаны бар активке қатысуды жалғастыру, активтің бастапқы баланстық құны мәнінің ең азы бойынша және Компанияның төленуіне берілуі мүмкін өтемақының ең көп мөлшері бойынша бағаланады.

Есептен шығару

Қаржы активтері есептен ішінара не болмаса Компания олардың құнының өтелуін бұдан былай күтпеген жағдайда бүтіндей есептен шығарылады. Егер есептен шығарылуға жататын сома жинақталған құнсыздану резервінің көлемінен көп болса, айырмасы ең алдымен резервтің ұлғаюы ретінде ескеріледі, ал содан кейін жалпы баланстық құнына қолданылады. Кез келген кейінгі қалпына келтіру амалдары несиелік залалдар бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шығару мойындауды тоқтатуға жатады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату (жалғасы)****Қаржылық міндеттемелер**

Қаржылық міндеттеме тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда есептен алынады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеме есептен алынады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе зиян құрамында міндеттемелердің баланстық құнындағы айырма таныла отырып, есепке алуда бейнеленеді.

Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептеледі.

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, уақытша айырмаларға қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған табыс салықтары активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмалар бойынша қаржылық есептілік мақсаттары үшін көрсетіледі.

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер салықтық базаны азайтатын осы уақытша айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі. Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер активті өткізу немесе күшіне енген немесе есепті күнге нақты күшіне енген заңнамаға сүйене отырып міндеттемені реттеу кезеңінің ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Компания кейінге қалдырылған салық талаптарын және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін өзара есепке алады және нетто негізде қаржылық жағдай туралы есепте көрсетеді, егер:

- Компанияның ағымдағы салық талаптарын ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуға заңгерлік тұрғыдан бекітілген құқығы болса; және
- кейінге қалдырылған салық талаптары мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері бір салық органы бір салық субъектісінен өндіріп алатын корпоративтік табыс салығына жататын болса.

Компания өз қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасында Компанияның қызметіне қатысты қолданылатын түрлі салықтарды есептеу және төлеу талаптары бар. Осы салықтар басқа операциялық шығыстардың құрамында пайда немесе зиян туралы есепте көрсетіледі.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, күнделікті қызмет көрсету шығыстары ескерілмеген нақты құны бойынша бейнеленеді. Мұндай құнға, егер олар капиталдану критерийлеріне жауап берсе, орын алу фактісі бойынша танылатын құрал-жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді.

Бұл активтің баланстық құнын өтеудің мүмкін еместігін көрсететін оқиғалар мен жағдайлардағы өзгерістер туындаған жағдайда, негізгі құралдардың баланстық құнының құнсыздануы бағаланады.

Нысанның амортизациясы ол пайдалану үшін қол жетімді болғанда ғана басталады. Амортизация активтерді пайдалы пайдаланудың келесі бағалау мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

	Амортизация нормасы
Жер	0%
Ғимараттар мен құрылыстар	2%
Көлік құралдары	10-14%
Компьютерлер мен оргтехника	14-20%
Басқасы	6-20%

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістемелері әрбір есепті жыл соңында сарапталады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Жөндеу және бұрынғы қалпына келтіру шығыстары оларды жүзеге асыру шамасына қарай шығындарға жатқызылады және олар капиталға айналатын жағдайларды қоспағанда, басқа да операциялық шығыстардың құрамына қосылады.

Қаржылық жалдауға арналған мүлік

Қаржылық жалдауға арналған мүлік қос көлемнің ең азы бойынша ескеріледі: өзіндік құны және өткізудің ықтимал таза бағасы. Қаржылық жалдауға арналған мүліктің өзіндік құнына мүлікті межелі жерге жеткізуге және оны жұмыс күйіне келтіруге арналған тікелей шығындар жатады.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерге бағдарламалық камсыздандыру мен лицензиялар кіреді.

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген нақты құны бойынша көрсетіледі. Шектелген пайдалы қызмет ету мерзімі бар материалдық емес активтер 1 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімді құрайтын пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады, ықтимал құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады.

Сатуға арналған деп жіктелетін активтер

Компания айналымнан тыс активтерді, егер олардың баланстық құнын өтеу көбінесе пайдалану барысында емес, мәмілені іске асыру барысында жоспарланса, сатуға арналған деп жіктеп отыр. Бұл үшін айналымнан тыс активтер мұндай активтерді сатудың әдеттегі, үлгі шарттары болып табылатын шарттарда оларды қазіргі күйінде дереу сату үшін қолжетімді болуы тиіс, бұл ретте олардың сатылуы жоғары ықтималдылық деңгейімен сипатталуы тиіс.

Сатудың жоғары ықтималдылығы Компания басшылығының айналымнан тыс активті іске асырудың жоспарын қатаң түрде орындау ниетін болжайды. Бұл ретте сатып алушыны іздестіру және мұндай жоспарды орындау бойынша белсенді іс-қимылдар жоспары басталуы тиіс. Бұдан басқа айналымнан тыс актив оның ағымдағы әділ құнын ескере отырып негізделген болып табылатын баға бойынша өткізілуге белсенді түрде ұсынылуы тиіс. Сонымен бірге сатылымды аяқталған мәміле ретінде көрсету сатуға арналған ретінде айналымнан тыс активтер жіктелген күннен бастап бір жылдың ішінде күтілуі тиіс.

Компания сатуға арналған деп жіктелетін активтерді баланстық құнның ең аз мәні және сату шығыстарын шегере отырып әділ құны бойынша бағалайды. Активтердің баланстық құнының ықтимал құнсыздану оқиғалары немесе соған көрсететін жағдайлардың өзгеруі басталған жағдайда Компания сату шығыстарын шегере отырып олардың құнын әділ құнына дейін бастапқы, сондай-ақ кейінгі есептен шығару кезінде құнсызданудан болған шығынды көрсетеді.

Бағалау міндеттемелері

Компанияның өткеніндегі белгілі бір оқиғаның салдарынан реттелуі ықтималдылықтың үлкен дәрежесіндегі болашақ экономикалық пайданы қамтитын ресурстар шығысын талап ететін және сенімділіктің жеткілікті дәрежесінде бағалауға болатын заңды немесе ерікті түрде қабылдаған міндеттемелері болса, бағалау міндеттемелері танылады.

Акционерлік капитал

Жарғылық капитал

Акционерлік капиталға жарналар акцияларды шығаруға арналған тікелей шығындарды шегере отырып тарихи құны бойынша мойындалады.

Қосымша төленген капитал

Компания өз акционерінен нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша қарыздарды немесе басқа да қаржылық көмекті алғанда, алынған ақша қаражаты мен қарыздардың әділ құны арасындағы айырма қосымша төленген капитал ретінде ескеріледі.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Акционерлік капитал (жалғасы)

Резервтік капитал

Резервтік капитал Компания Акционері шешімінің негізінде бөлінбеген пайданан қаражатты аудару арқылы ұлғайтылуы мүмкін.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Шартты бөлу резерві

Компания өз Акционерінің атынан нарықтық бағадан төмен мөлшерлемелер бойынша несиелік келісімді немесе қаржылық жалдау шарттарын жасағанда, берілген қаражат пен берілген несиелердің әділ құны немесе қаржылық жалдау арасындағы айырма акционерге болжамды бөлу ретінде капиталға жатқызылады.

Сегменттік есептілік

Компанияның бизнесі мен географиялық сегменттері осы жекелеген қаржылық есептілікте жеке көрсетілмеген, өйткені Компанияның басшылығы несиелер мен қаржы лизингін ұсынудың басты операциялық сегменті Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық ұйымдары болып табылады деп есептейді, әрі солар бойынша тәуекелдер мен қайтару дәрежесі бүкіл ел бойынша ұқсас болып саналады.

Шартты активтер және міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Компанияның экономикалық пайда алу ықтималдылығы жоғары болса және түсім сенімді бағаланатын болса, түсім танылады. Қаржылық есептілікте түсімді тану үшін мынадай критерийлер орындалуы тиіс:

Пайыздық және дәл сондай кірістер мен шығыстар

Компания амортизацияланған құн бойынша немесе несиелік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, БЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша пайыздық түсімді есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – осы мөлшерлеме бойынша дисконттау кезінде күтілетін болашақтағы ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішіндегі немесе өте қысқа уақыт кезеңі ішіндегі түсімдер, олар қолданылатын жерде бұл қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәлме-дәл келтіріледі. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ келешек несиелік залалдар ескерілмейді. Компания төлемдердің немесе түсімдердің бағаларын қайта қарастырған жағдайда, қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеменің негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгеруі пайыздық түсім немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Несиелік-құнсызданғанға айналатын қаржы активі болған жағдайда Компания пайыздық мөлшерлемені бұл қаржы активінің таза амортизацияланған құнына қолдана отырып пайыздық түсімді есептейді. Егер қаржы активі бойынша дефолт жойылатын болса және ол бұдан былай несиелік-құнсызданған болып табылмаса, Компания жалпы құнның негізінде пайыздық түсімнің есептелуіне оралады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)**Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)***Комиссиялық кірістер*

Компания клиенттерге көрсететін әр түрлі қызметтерден комиссиялық кірістер алады.

Несиені ұйымдастырғаны үшін комиссияның мерзімі тиісті тікелей шығындармен бірге ұлғайтылады және несиенің тиімді пайыздық мөлшерлемесін түзету ретінде мойындалады. Егер несиені беру міндеттемесінің салдарынан несиені беру туралы шарт жасалатын болса, несиені беру міндеттемесі үшін комиссия келешек кезеңдер кірістерінің құрамына (тиісті тікелей шығындармен бірге) кіреді және кейіннен несиені бойынша нақты кірістерді түзету ретінде көрсетіледі. Егер несиені беру міндеттемесі несиенің берілуіне әкеліп соқтырған жағдайда, ол төмен деп бағаланады, әрі несиені беру міндеттемесі үшін комиссия несиені беру міндеттемесінің қалған кезеңінің ішінде пайда немесе зиян туралы есепте көрсетіледі. Несиені берумен аяқталмаған несиені беру жөніндегі міндеттемелердің қолданылу мерзімі өткеннен кейін несиені беру жөніндегі міндеттеме үшін комиссия оның қолданылу мерзімінің аяқталу күніне пайда немесе зиян туралы есепте мойындалады. Несиенің қызмет көрсеткені үшін комиссия қызметтердің көрсетілуіне қарай ескеріледі. Синдикатталған несиелерді ұйымдастырғаны үшін комиссия мұндай қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетілген кезде пайда немесе зиян туралы есепте мойындалады. Басқа да комиссиялар қызметтердің көрсетілуіне қарай көрсетіледі.

Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік Компанияның қызметтік валютасы мен қаржылық есептілікті білдіру валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен берілді. Шетел валюталарындағы операциялар алдымен операция мерзімінде әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша қызметтік валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар пайда немесе зиян туралы есепте «Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза шығыстар» бабы бойынша бейнеленеді. Шетел валютасында нақты құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операцияны жасау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбастау бағамы мен мұндай операция мерзіміндегі Қазақстан Қор Биржасының (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚҚБ») ресми бағамы арасындағы айырма бағамдық айырма шығыстары шегеріле отырып кірістер құрамына енгізіледі. Төменде Компания қаржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланған айырбас бағамдары келтірілген:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Теңге / АҚШ доллары	382,59	384,20
Теңге / еуро	429,00	439,37
Теңге / ресей рублі	6,16	5,52

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Компанияның қаржылық есептілігін жария ету күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Компания осы стандарттарды олар күшіне енген күннен кейін қолдануды жоспарлап отыр.

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес ақпаратты ашып көрсету мен бағалау, ұсыну және ашып көрсету мәселелерін қарастыратын сақтандыру шарттары үшін қаржылық есептіліктің жаңа ауқымды стандарты 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» шығарды. 17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енгенде, ол 2005 жылы шығарылған 4 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттарын» ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан сақтандыру шарттардың барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан ерекшеленетін сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу талаптарымен белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады.

(мың теңгемен)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

Қолданылу аясынан бірнеше ерекшелік бар. 17 ХҚЕС (IFRS) негізгі мақсаты сақтандыру шарттарын есепке алу моделін ұсыну болып табылады, әрі ол сақтандырушылар үшін барынша тиімді әрі бірізді болып табылады. Алдыңғы жергілікті есепке алу саясаттарына негізделетін 4 ХҚЕС (IFRS) талаптарымен салыстырғанда, 17 ХҚЕС (IFRS) сақтандыру шарттарын есепке алудың жан-жақты моделін ұсынып, есепке алудың барлық ақылға қонымды аспектілерін қамтиды. 17 ХҚЕС-тің (IFRS) негізінде келесімен толықтырылған ортақ модель жатыр:

- тікелей қатысу талаптарымен сақтандыру шарттары үшін белгілі бір түрлендірулер (ауыспалы сыйақы әдісі);
- жеңілдетілген тәсіл (сыйлықақыны бөлу негізіндегі тәсіл) негізінен қысқа мерзімді шарттарға арналған.

17 ХҚЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну қажет. Ұйым алғаш рет қолданылу күніне 9 ХҚЕС (IFRS) пен 15 ХҚЕС (IFRS) қолданады деген талаппен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Компанияға қатысты қолданылмайды.

«Маңыздылықты айқындау» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес түрлі стандарттардағы маңыздылықтың анықтамасын келісу және бұл анықтаманың кейбір аспектілерін түсіндіру үшін «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерді шығарды. Жаңа анықтамаға сай «егер ақпаратты жіберіп алу, оны бұрмалау немесе бұржу нақты есеп беретін ұйым туралы қаржылық ақпаратты ұсынатын бұл қаржылық есептіліктің негізінде олар қабылдайтын жалпы мақсаттағы қаржылық есептілікті негізгі пайдаланушыларының шешімдеріне ықпал етеді деп негізделген түрде күтуге болатын болса, ақпарат маңызды болып табылады».

Маңыздылықты айқындауға түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

«Базалық Пайыздық Мөлшерлемені Реформалау»: 9 ХҚЕС-ке (IFRS), 39 ХҚЕС-ке (IAS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

9 ХҚЕС-ке (IFRS), 39 ХҚЕС-ке (IAS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер базалық пайыздық мөлшерлемесінің реформасы тікелей ықпал ететін хеджирлеудің барлық қатынастарға қолданылатын бірқатар босатуларды қамтиды. Хеджирлеу қатынастары, егер реформа базалық пайыздық мөлшерлемеге негізделген мерзімдерге және/немесе ақша ағындарына қатысты белгісіздік тудырса, хеджирлеу объектісі немесе хеджирлеу құралы үшін қатысты болады. Реформаның нәтижесінде қолданыстағы базалық пайыздық мөлшерлеме баламалы іс жүзіндегі тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемеге ауыстырылғанға дейінгі кезең ішінде хеджирлеу объектісі немесе хеджирлеу құралы үшін базалық пайыздық мөлшерлемеге негізделген мерзімдерге және/немесе ақша ағындарына қатысты белгісіздіктер туындауы мүмкін. Бұл болжанатын транзакцияның ықтималдылығын бағалауға және хеджирлеу қатынастары жоғары тиімді болатындығын бағалауға қатысты белгісіздіктерге әкеп соқтыра алады.

Түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді, бірақ ұйымдар оларды мерзімінен бұрын қолдана алады. Түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар

Бағалаудың белгісіздігі

Компанияның есепке алу саясатын қолдану үшін басшылық өзінің пікірлерін пайдаланды және қаржылық есептілікте танылған соманы анықтау кезінде бағалау жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауды пайдаланудың барынша елеулі жағдайлары көрсетілген:

Қаржы құралдарының әділ құны

Егер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерден тұратын бағалаудың түрлі модельдерін пайдалана отырып анықталады. Мұндай модельдер үшін алғашқы деректер, егер мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде анықталады; басқа жағдайда әділ құнды анықтау үшін пікірді қолдану қажет. Қосымша ақпарат 29-ескертпеде келтірілген.

(мың теңгемен)

4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар (жалғасы)**Бағалаудың белгісіздігі (жалғасы)***Кепілмен қамтамасыз етуді бағалау*

Компанияның басшылығы тұрақты негізде кепілмен қамтамасыз етуге мониторингі жасап отырады. Компания басшылығы нарықтағы ағымдағы жағдайды ескере отырып кепіл қамсыздандыруының құнын түзету үшін тәжірибеге немесе тәуелсіз бағалауға негізделген пайымдауларды пайдаланады.

Қаржы активтері бойынша күтілетін несиелер залалдары / құнсыздану залалдары

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап, сол сияқты 39 ХҚЕС-ке (IAS) сай 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша залалдарды бағалау пайымдауды қолдануды қажет етеді, атап айтқанда, КНЗ/құнсыздану залалын айқындау және несиелер тәуекелінің едәуір ұлғаюын бағалау кезінде келешек ақша ағындарының көлемі мен пайда болу мерзімдерін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есепті бағалаулар бірқатар факторларға байланысты болады, солардағы өзгерістер құнсызданудың бағалау резервтерінің түрлі сомаларына әкеп соқтыра алады. Компанияның КНЗ есептеулері ауыспалы бастапқы деректер мен олардың өзара тәуелділіктерін таңдауға қатысты бірқатар базалық жорамалдар кіретін күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады. Пайымдаулар мен есепті бағалаулар болып есептелетін КНЗ есептеу модельдерінің элементтеріне келесілер жатады:

- Компания несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы болғанын бағалау үшін пайдаланатын критерийлер, соның нәтижесінде қаржы активтері бойынша құнсызданудың бағалау резерві бүкіл мерзім үшін КНЗ-ға тең болатын сомала бағалануы тиіс және сапалы бағалау;
- солар бойынша КНЗ топшілік негізде бағаланғанда қаржы активтерін топтарға біріктіру;
- КНЗ-ны есептеу модельдерін әзірлеу, оған қоса түрлі формулалар және бастапқы деректерді таңдау;
- макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер, мысалға, жұмыссыздық деңгейі мен қамтамасыз ету құны, арасындағы өзара байланыстарды айқындау, сондай-ақ дефолт ықтималдылығының (PD) көрсеткіштеріне, дефолт тәуекеліне ұшырайтын көлемге (EAD) және дефолт кезінде шығындар деңгейіне (LGD) әсері;
- болжамды макроэкономикалық сценарийлерді таңдау және КНЗ бағалау модельдері үшін экономикалық бастапқы деректерді алу үшін ықтималдылықты ескере отырып таразылау.

Салық салу

Қазақстан Республикасының салықтық, валюталық және кедендік заңнамасы жиі қайталануы мүмкін түрлі түсініктемелер мен өзгертулердің нысаны болып табылады. Мұндай заңнамаға қатысты мәмілелер мен Компанияның қызметіне қатысты қолданылатын басшылық түсініктемесі тиісті жергілікті және мемлекеттік органдар тарапынан даулануы мүмкін. Осылайша, қосымша салықтар, айыппұлдар және өсімпұлдар есептелуі мүмкін. Салықтарды есептеуге қатысты салықтық кезеңдер тиісті органдар тексеру үшін қарастырылатын жылдың алдындағы 5 (бес) күнтізбелік жыл ішінде ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда мұндай шолулар анағұрлым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін.

Басшылық 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша заңнаманы түсінуі тиісінше және Компанияның салық, валюта және кеден заңнамасының мәселелері бойынша бағыттары расталатын болады деп санайды.

5. Ақша қаражаты мен оның баламалары

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражатына келесі позициялар кіреді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Банктердің ағымдағы шоттарындағы теңгемен қаражаты	10.567.620	27.453.702
Банктердің ағымдағы шоттарындағы шетел валютасымен қаражаты	568.978	5.817.325
Кредиттік мекемелерде 90 күнге дейін орналастырылған шетел валютасындағы мерзімді депозиттер	9.444.662	11.528.349
	20.581.260	44.799.376
КНЗ бойынша резерв	(595)	(1.071)
Ақша қаражаты мен оның баламалары	20.580.665	44.798.305

(мың теңгемен)

5. Ақша қаражаты мен оның баламалары (жалғасы)

2019 жылдың 31 желтоқсанына ақша қаражаты мен оның баламаларының бір банкте шоғырлануы 10.467.509 мың теңгені немесе ақша қаражаты мен оның баламаларының жалпы соманың 50,9% құрады (2018 жылғы 31 желтоқсан: 13.844.153 мың теңге немесе 30,9%).

Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша КНЗ резерві

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы КНЗ резервтері өзгеруінің талдауы келтірілген:

	2019 жыл		
	1-кезең	2-кезең	Жиыны
2019 жылдың 1 қаңтарына КНЗ резерві	(998)	(73)	(1.071)
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	(136)	-	(136)
КНЗ-ның бір жылғы өзгерістері	540	75	615
Бағамдық айырмалар	(1)	(2)	(3)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	(595)	-	(595)

Төмендегі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы КНЗ резервтері өзгеруінің талдауы келтірілген:

	2018 жыл		
	1-кезең	2-кезең	Жиыны
2018 жылдың 1 қаңтарына КНЗ резерві	(5.815)	-	(5.815)
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	(275)	-	(275)
КНЗ-ның бір жылғы өзгерістері	5.150	75	5.225
Бағамдық айырмалар	(58)	(148)	(206)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	(998)	(73)	(1.071)

6. Кредиттік ұйымдардағы қаражат

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кредиттік ұйымдардағы қаражатқа келесі позициялар кіреді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Банктерде 90 күннен артық мерзімге, шетел валютасында орналастырылған депозиттер	8.443.782	-
Банктерде 90 күннен артық мерзімге, теңгемен орналастырылған депозиттер	7.750	-
	8.451.532	-
КНЗ бойынша резерв	(5)	-
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	8.451.527	-

Кредиттік ұйымдардағы қаражаттың барлық қалдықтары КНЗ бағалау мақсатында 1-кезеңге жатқызылған. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін КНЗ резервінің өзгеруін талдау төменде келтірілген:

	2019 жыл	2018 жыл
1 қаңтарда	-	-
КНЗ-ның бір жылғы өзгерістері	(5)	-
31 желтоқсанда	(5)	-

(мың теңгемен)

7. Инвестициялық бағалы қағаздар

Инвестициялық бағалы қағаздарға келесі позициялар кіреді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Амортизациялық құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар		
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары	11.180.024	-
	11.180.024	-
КНЗ бойынша резерв	(834)	-
Амортизациялық құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	11.179.190	-

Инвестициялық бағалы қағаздар КНЗ-ны бағалау мақсатында 1-кезеңге жатқызылды. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін КНЗ резервінің өзгеруін талдау төменде келтірілген:

	2019 жыл	2018 жыл
1 қаңтарда	-	-
КНЗ-ның бір жылғы өзгерістері	(834)	-
31 желтоқсанда	(834)	-

8. Клиенттерге берілетін несиелер

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша клиенттерге берілген несиелерге келесі позициялар кіреді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Занды тұлғаларға берілген несиелер	48.509.786	52.811.101
КНЗ резерві шегерілгенге дейін клиенттерге берілген несиелердің жиыны	48.509.786	52.811.101
КНЗ бойынша резерв	(11.579.988)	(9.806.743)
Клиенттерге берілген несиелер	36.929.798	43.004.358

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген несиелер бойынша КНЗ бағалау резерві

Төменде жалпы баланстық құнының өзгерістерін және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін клиенттерге берілген несиелер бойынша КНЗ тиісті резервінің талдауы келтірілген:

	2019 жыл			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2019 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	16.550.120	648.630	35.612.351	52.811.101
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	2.277.489	330.246	1.450.617	4.058.352
Өтелген активтер	(5.874.982)	(697.509)	(2.588.344)	(9.160.835)
1-кезеңге аудару	6.716.205	(4.101.907)	(2.614.298)	-
2-кезеңге аудару	(5.697.923)	8.634.044	(2.936.121)	-
3-кезеңге аудару	(5.239.514)	(2.848.653)	8.088.167	-
Дисконт амортизациясы (пайыздық кірісте танылған)	-	-	563.887	563.887
Мойындаудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	(8.989)	(1.977)	(781.455)	(792.421)
Есептелген пайыздардағы өзгеріс	(160.884)	2.344	1.398.749	1.240.209
Есептен шығарылған сомалар	-	-	(210.507)	(210.507)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	8.561.522	1.965.218	37.983.046	48.509.786

(мың теңгемен)

8. Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)**Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген несиелер бойынша КНЗ бағалау резерві (жалғасы)**

Төменде жалпы баланстық құнының өзгерістерін және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін клиенттерге берілген несиелер бойынша КНЗ тиісті резервінің талдауы келтірілген:

	2018 жыл			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2018 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	10.883.215	14.196.870	31.732.595	56.812.680
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	5.576.524	-	-	5.576.524
Өтелген активтер	(4.516.968)	(123.447)	(5.537.368)	(10.177.783)
1-кезеңге аудару	8.466.048	(5.033.555)	(3.432.493)	-
2-кезеңге аудару	(1.991.795)	6.057.807	(4.066.012)	-
3-кезеңге аудару	(1.776.298)	(14.449.040)	16.225.338	-
Дисконт амортизациясы (пайыздық кірісте танылған)	-	-	559.799	559.799
Мойындаудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	-	-	(664.681)	(664.681)
Есептелген пайыздардағы өзгеріс	(90.606)	(5)	839.433	748.822
Есептен шығарылған сомалар	-	-	(44.260)	(44.260)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	16.550.120	648.630	35.612.351	52.811.101

Төмендегі кестеле 2019 жыл үшін КНЗ резервтерінің өзгерістерін талдау келтірілген:

	2019 жыл			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2019 жылдың 1 қаңтарына КНЗ резерві	107.344	117.065	9.582.334	9.806.743
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	31.738	-	-	31.738
1-кезеңге аудару	26.390	(26.390)	-	-
2-кезеңге аудару	(3.419)	233.768	(230.349)	-
3-кезеңге аудару	(43.151)	(233.588)	276.739	-
Бір Кезеңнен басқасына аудару нәтижесінде КНЗ-ға әсері және кезең ішінде КНЗ бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректердің өзгеруі	99.265	(28.767)	2.110.050	2.180.548
Дисконт амортизациясы (пайыздық кірісте танылған)	-	-	563.887	563.887
Мойындаудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	(8.989)	(1.977)	(781.455)	(792.421)
Есептен шығарылған сомалар	-	-	(210.507)	(210.507)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	209.178	60.111	11.310.699	11.579.988

(мың теңгемен)

8. Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)**Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген несиелер бойынша КНЗ бағалау резерві (жалғасы)**

Төмендегі кестеде 2018 жыл үшін КНЗ резервтерінің өзгерістерін талдау келтірілген:

	2018 жыл			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2018 жылдың 1 қаңтарына КНЗ резерві	352.428	357.840	8.821.774	9.532.042
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	17.606	-	-	17.606
1-кезеңге аудару	612.495	(379.731)	(232.764)	-
2-кезеңге аудару	(155.654)	331.990	(176.336)	-
3-кезеңге аудару	(85.841)	(315.975)	401.816	-
Бір Кезеңнен басқасына аудару нәтижесінде КНЗ-ға әсері және кезең ішінде КНЗ бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректердің өзгеруі	(633.690)	122.941	916.986	406.237
Дисконт амортизациясы (пайыздық кірісте танылған)	-	-	559.799	559.799
Мойындаудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	-	-	(664.681)	(664.681)
Есептен шығарылған сомалар	-	-	(44.260)	(44.260)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	107.344	117.065	9.582.334	9.806.743

Түрлендірілген және қайта құрылымдалған несиелер

Компания қаржы активін, мысалы, клиентке берілген несиені мойындауды тоқтатады, егер шарт талаптары ол шын мәнінде жаңа несиеге айналатындай етіп қайта қаралады, ал айырма құнсызданудан болған залалды ескере отырып мойындауды тоқтатудан болған пайда немесе зиян ретінде танылады. Бастапқыда танылған кезде несиелер, құрылған несие СКНҚ активі болып саналған жағдайлардан басқа, КНЗ бағалау мақсатында 1-кезеңге жатады.

Егер түрлендіру амалы ақша ағындарының едәуір өзгеруіне әкеп соқтырмаса, түрлендіру мойындауды тоқтатуға әкеп соқтырмайды. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде, Компания құнсызданудан болған залал мойындалғанға дейін түрлендіруден болған пайданы немесе зиянды мойындайды.

Төмендегі кестеде 3-кезеңнің активтері көрсетілген, солар бойынша талаптар кезең ішінде қайта қаралып, нәтижесінде Компания түрлендіруден шеккен тиісті залалдарды көрсете отырып қайта құрылымдалған ретінде ескеріледі.

	2019 жыл	2018 жыл
Кезең ішінде түрлендірілген клиенттерге берілген несиелер		
Түрлендіруге дейінгі амортизацияланған құны	11.013.438	15.203.246
Мойындауды тоқтатуға әкеп соқтырмайтын түрлендіруден болған таза залал	(792.421)	(664.681)

Қамтамасыз ету және несиелік тәуекелді азайтатын басқа құралдар

Компания берілуін талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі контрагенттің несиелік тәуекелді бағалауына тәуелді. Қамтамасыз ету түрлерінің және бағалау өлшемдерінің рұқсат етілуіне қатысты ұстанымдар белгіленген.

Коммерциялық несиелендіру кезінде алынған қамтамасыз етудің негізгі түрлері жылжымайтын мүлік, жер, ауыл шаруашылығы техникасы, қорлар мен дебиторлық берешек, кепілдіктер болып табылады.

Басшылық қамсыздандырудың нарықтың құнына мониторинг жүргізеді, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамсыздандыруды сұратады, сондай-ақ құнсыздану шығындарына резервтің жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамсыздандырудың нарықтық құнын қадағалап отырады.

Қамсыздандыру немесе несие сапасын арттырудың өзге тетіктері болмағанда 2019 жылдың 31 желтоқсанына 3-кезең клиенттеріне берілген несиелер бойынша КНЗ 26.611.291 мың теңгеге жоғары болар еді (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 26.030.017 мың теңге).

(мың теңгемен)

8. Клиенттерге берілген несиелер (жалғасы)**Несиелердің клиенттерде шоғырлануы**

2019 жылғы 31 желтоқсанға Компания он ірі тәуелсіз тарапқа берген клиенттер несиелерінің шоғырлануы 16.485.742 мың теңге немесе жиынтық несиелік портфельдің 34,0% болды (2018 жылғы 31 желтоқсан: 17.438.014 мың теңге немесе жиынтық несиелік портфельдің 33,0%). 2019 жылдың 31 желтоқсанына бұл несиелер бойынша 2.653.408 мың теңге (2018 жылдың 31 желтоқсанына: 2.330.796 мың теңге) мөлшерінде КНЗ-ға резерв құрылды.

Несиелер Қазақстан Республикасында экономиканың ауыл шаруашылығы секторында қызметті жүзеге асыратын клиенттерге беріледі.

9. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек талдауы төменде көрсетілген:

	<i>1 жылға дейін</i>	<i>1 жылдан 5 жылға дейін</i>	<i>5 жылдан артық</i>	<i>Жиыны</i>
Қаржылық жалдауға салынған жалпы инвестициялар	83.175.666	173.731.452	99.575.512	356.482.630
Қаржылық жалдау бойынша келешек кезеңдердің еңбек сіңбеген қаржылық кірісі	(2.684.193)	(49.074.897)	(55.512.178)	(107.271.268)
Қаржылық жалдауға инвестициялар	80.491.473	124.656.555	44.063.334	249.211.362
КНЗ бойынша резерв	(13.219.810)	(7.698.228)	(1.678.179)	(22.596.217)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	67.271.663	116.958.327	42.385.155	226.615.145

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті талдау төменде келтірілген:

	<i>1 жылға дейін</i>	<i>1 жылдан 5 жылға дейін</i>	<i>5 жылдан артық</i>	<i>Жиыны</i>
Қаржылық жалдауға салынған жалпы инвестициялар	71.328.500	146.974.581	66.949.107	285.252.188
Қаржылық жалдау бойынша келешек кезеңдердің еңбек сіңбеген қаржылық кірісі	(2.143.902)	(37.446.321)	(35.738.946)	(75.329.169)
Қаржылық жалдауға инвестициялар	69.184.598	109.528.260	31.210.161	209.923.019
КНЗ бойынша резерв	(12.302.787)	(9.322.450)	(1.680.565)	(23.305.802)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	56.881.811	100.205.810	29.529.596	186.617.217

Төменде жалпы баланстық құнының өзгерістерін және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша КНЗ-ға тиісті резервінің талдауы келтірілген:

	<i>2019 жыл</i>			<i>Жиыны</i>
	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	
2019 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	142.038.188	9.585.802	58.299.029	209.923.019
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	83.172.467	-	-	83.172.467
Өтелген активтер	(37.737.041)	(2.251.910)	(5.894.584)	(45.883.535)
1-кезеңге аудару	35.903.272	(27.881.077)	(8.022.195)	-
2-кезеңге аудару	(31.015.986)	45.794.581	(14.778.595)	-
3-кезеңге аудару	(7.783.729)	(14.470.506)	22.254.235	-
Мойындаудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	364	(18.229)	(661.917)	(679.782)
Есептелген пайыздардағы өзгеріс	1.582.165	86.505	1.039.081	2.707.751
Есептен шығарылған сомалар	-	-	(28.558)	(28.558)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	186.159.700	10.845.166	52.206.496	249.211.362

(мың теңгемен)

9. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек (жалғасы)

Төменде жалпы баланстық құнының өзгерістерін және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша КНЗ-ға тиісті резервінің талдауы келтірілген:

	2018 жыл			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2018 жылғы 1 қаңтарға жалпы баланстық құн	128.960.679	19.445.487	52.958.682	201.364.848
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	47.184.887	-	-	47.184.887
Өтелген активтер	(27.077.711)	(3.767.396)	(7.816.548)	(38.661.655)
1-кезеңге аудару	22.177.037	(13.453.080)	(8.723.957)	-
2-кезеңге аудару	(15.922.963)	26.112.173	(10.189.210)	-
3-кезеңге аудару	(12.595.215)	(18.675.798)	31.271.013	-
Есептелген пайыздардағы өзгеріс	(688.526)	(75.584)	832.252	68.142
Есептен шығарылған сомалар	-	-	(33.203)	(33.203)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	142.038.188	9.585.802	58.299.029	209.923.019

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы КНЗ резерві өзгеруінің талдауы келтірілген:

	2019 жыл			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2019 жылдың 1 қаңтарына КНЗ резерві	2.139.746	1.439.430	19.726.626	23.305.802
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	2.476.191	-	-	2.476.191
1-кезеңге аудару	4.422.426	(3.205.789)	(1.216.637)	-
2-кезеңге аудару	(623.121)	3.538.051	(2.914.930)	-
3-кезеңге аудару	(69.475)	(1.952.462)	2.021.937	-
Бір Кезеңнен басқасына аудару нәтижесінде КНЗ-ға әсері және кезең ішінде КНЗ бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректердің өзгеруі	(4.662.732)	1.298.940	886.356	(2.477.436)
Мойындаудың тоқтатылуына әкеп соқтырмайтын түрлендіруге орай шартта көзделген ақша ағындарының өзгеруі	364	(18.229)	(661.917)	(679.782)
Есептен шығарылған сомалар	-	-	(28.558)	(28.558)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	3.683.399	1.099.941	17.812.877	22.596.217

Төмендегі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы КНЗ резервтері өзгеруінің талдауы келтірілген:

	2018 жыл			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2018 жылдың 1 қаңтарына КНЗ резерві	3.257.087	1.599.099	15.960.270	20.816.456
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	1.162.540	-	-	1.162.540
1-кезеңге аудару	3.499.667	(1.708.172)	(1.791.495)	-
2-кезеңге аудару	(567.313)	1.470.463	(903.150)	-
3-кезеңге аудару	(922.711)	(1.611.162)	2.533.873	-
Бір Кезеңнен басқасына аудару нәтижесінде КНЗ-ға әсері және кезең ішінде КНЗ бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректердің өзгеруі	(4.289.524)	1.689.202	3.960.331	1.360.009
Есептен шығарылған сомалар	-	-	(33.203)	(33.203)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	2.139.746	1.439.430	19.726.626	23.305.802

(мың теңгемен)

9. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек (жалғасы)**Қаржылық жалдаудың түрлендірілген және құрылымдалған шарттары**

2019 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген «Жалдау» 16 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарына сәйкес Компания келесі екі талап сақталған жағдайда жекелеген жалдау шарты ретінде қаржылық жалдау шартының түрлендірілуін ескереді:

- (a) түрлендіру бір немесе бірнеше базалық активті пайдалану құқығын қосу есебінен жалдау шартының қолданылу аясын ұлғайтады; және
- (b) жалдау үшін өтемақы қолданылу аясын ұлғайту үшін оқшауланған сату бағасымен өлшенетін көлемге, сондай-ақ белгілі бір шарт жағдайларын көрсететін оқшауланған сатудың мұндай бағасының тиісті түзетулеріне ұлғайтылады.

Жекелеген жалдау шарты ретінде ескерілмейтін қаржылық жалдау шарты түрлендірілген жағдайда, Компания түрлендіруді былайша ескереді:

- (a) егер жалдау операциялық жалдау ретінде түрлендіру жалдау қатынастарының басталу күніне күшіне енген кезде жіктелетін болса, Компания:
 - (i) жалдау шартының түрлендірілуін жалдау шартының түрлендірілуі күшіне енген күннен бастап жаңа жалдау шарты ретінде ескереді; және
 - (ii) жалдау шартының түрлендірілуі күшіне енген күннің алдында тікелей жалдауға таза инвестиция сомасында базалық активтің баланстық құнын бағалайды;
- (b) өйтпеген жағдайда Компания 9 ХҚЕС-тің (IFRS) талаптарын қолданады.

Төмендегі кестеде 3-кезеңнің активтері көрсетілген, солар бойынша талаптар кезең ішінде қайта қаралып, нәтижесінде Компания түрлендіруден шеккен тиісті залалдарды көрсете отырып қайта құрылымдалған ретінде ескеріледі.

	2019 жыл	2018 жыл
Кезең ішінде түрлендірілген қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		
Түрлендіруге дейінгі амортизацияланған құны	10.261.518	-
Мойындауды тоқтатуға әкеп соқтырмайтын түрлендіруден болған таза залал	(679.782)	-

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің шоғырлануы

2019 жылғы 31 желтоқсанға Компания он ірі тәуелсіз тарапқа берген қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің шоғырлануы 22.191.768 мың теңге болды немесе қаржылық жалдау бойынша жиынтық дебиторлық берешектің 8,9% (2018 жылғы 31 желтоқсан: 24.859.206 мың теңге немесе 11,8%). 2019 жылғы 31 желтоқсанға Компания таныған бұл дебиторлық берешектің КНЗ резерві 2.843.150 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсан: 5.076.670 мың теңге) болды.

10. Сатуға арналған активтер

Компания Басқармасының 2019 жылғы 28 тамыздағы іргелес жер учаскесімен бірге офистік үй-жайды сату туралы шешіміне сай бұл мүлік сатуға арналған активтер ретінде жіктелді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл активтердің баланстық құны 511.083 мың теңге болды (12 және 22-ескертпелер).

11. Қаржылық жалдауға арналған мүлік

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жалдауға арналған мүлікке келесі позициялар кіреді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Қаржылық жалға арналған құрал-жабдық	4.595.913	7.830.897
Меншікке айналған кепіл мүлкі	4.055.725	3.515.820
Басқа да материалдар	30.085	20.517
	8.681.723	11.367.234
Құнсыздану резерві (22-ескертпе)	(976.782)	(627.056)
Қаржылық жалдауға арналған мүлік	7.704.941	10.740.178

2019 жылдың ішінде Компанияның меншігіне қарыз алушылардың берешегін өтеу ретінде алынған түрлі активтер өтті. Компания бұл мүлікті қаржылық жалдау шарттары бойынша беруді жоспарлап отыр.

(мың теңгемен)

12. Негізгі құралдар

Төменде негізгі құралдардың баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

	<i>Жер</i>	<i>Үйлер мен ғимараттар</i>	<i>Көлік құралдары</i>	<i>Компьютерлер мен оргтехника</i>	<i>Басқа</i>	<i>Жиыны</i>
Бастапқы құн						
2017 жылғы 31 желтоқсанға	31.922	850.489	144.248	572.031	107.262	1.705.952
Түсімдер	-	-	7.517	76.478	2.482	86.477
Есептен шығару	-	-	(3.820)	(4.227)	(3.580)	(11.627)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	31.922	850.489	147.945	644.282	106.164	1.780.802
Түсімдер	-	-	-	237.362	3.503	240.865
Есептен шығару	-	-	-	(1.376)	(1.346)	(2.722)
Сатуға арналған активтерге аударымдар (10-ескертпе)	(31.922)	(850.489)	-	-	-	(882.411)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	-	-	147.945	880.268	108.321	1.136.534
Жинақталған амортизация						
2017 жылғы 31 желтоқсанға	-	(229.025)	(58.466)	(297.381)	(80.590)	(665.462)
Есептелген амортизация	-	(21.515)	(16.212)	(86.896)	(6.446)	(131.069)
Есептен шығару	-	-	3.820	4.226	3.499	11.545
2018 жылғы 31 желтоқсанға	-	(250.540)	(70.858)	(380.051)	(83.537)	(784.986)
Есептелген амортизация	-	(11.891)	(16.452)	(119.180)	(5.463)	(152.986)
Есептен шығару	-	-	-	1.376	1.187	2.563
Сатуға арналған активтерге аударымдар (10-ескертпе)	-	262.431	-	-	-	262.431
2019 жылғы 31 желтоқсанға	-	-	(87.310)	(497.855)	(87.813)	(672.978)
Қалдық құны						
2017 жылғы 31 желтоқсанға	31.922	621.464	85.782	274.650	26.672	1.040.490
2018 жылғы 31 желтоқсанға	31.922	599.949	77.087	264.231	22.627	995.816
2019 жылғы 31 желтоқсанға	-	-	60.635	382.413	20.508	463.556

13. Материалдық емес активтер

Төменде материалдық емес активтердің баптары бойынша қозғалыс келтірілген:

	<i>Бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар</i>
Бастапқы құн	
2017 жылғы 31 желтоқсанға	863.160
Түсім	125.363
2018 жылғы 31 желтоқсанға	988.523
Түсімдер	162.432
2019 жылғы 31 желтоқсанға	1.150.955
Жинақталған амортизация	
2017 жылғы 31 желтоқсанға	(333.117)
Есептелген амортизация	(100.437)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	(433.554)
Есептелген амортизация	(136.297)
2019 жылғы 31 желтоқсанға	(569.851)
Қалдық құны	
2017 жылғы 31 желтоқсанға	530.043
2018 жылғы 31 желтоқсанға	554.969
2019 жылғы 31 желтоқсанға	581.104

(мың теңгемен)

14. Қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа да салықтар

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа салықтарға келесі позициялар кіреді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Өтелуге жататын қосылған құн салығы	6.121.699	3.876.832
Басқа салықтар	15.794	14.206
Қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа да салықтар	6.137.493	3.891.038

15. Берілген аванстар

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша берілген аванстарға келесі позициялар кіреді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Ауыл шаруашылығы техникасы үшін берілген аванстар	5.589.858	7.199.582
Жабдық үшін берілген аванстар	10.770	10.770
Берілген басқа да аванстар	21.361	4.337
	5.621.989	7.214.689
Құнсыздану резерві (22-ескертпе)	(24.073)	(24.629)
Берілген аванстар	5.597.916	7.190.060

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша аванстар кейіннен қаржылық жалдауға беруге арналған ауылшаруашылық техникасын, құрал-жабдықтарды және ірі қара малды жеткізу үшін алдын ала ақыны білдіреді.

16. Акционердің алдындағы берешек

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Акционердің алдындағы берешекке мыналар кіреді:

	Валюта	Өтеу мерзімі	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
№ 35 Қарыз туралы үлгі келісім	Теңге	2023 жыл	26.705.679	35.920.297
№ 86 Қарыз шарты	Теңге	2020 жыл	10.609.107	10.611.825
№ 63 Қарыз туралы үлгі келісім	Теңге	2020 жыл	6.036.669	6.113.127
№ 39 Қарыз туралы үлгі келісім	Теңге	2027 жыл	5.966.035	6.762.843
№ 118 Қарыз шарты	Теңге	2021 жыл	1.926.466	2.799.416
№ 113 Қарыз туралы үлгі келісім	Теңге	2023 жыл	1.825.050	3.268.543
№ 64 Қарыз шарты	Теңге	2023 жыл	1.067.396	1.755.986
Акционердің алдындағы берешек			54.136.402	67.232.037

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Акционердің алдындағы берешекке № 35 Қарыз туралы үлгі келісім (бұдан әрі мәтін бойынша – «Келісім») бойынша берешек кіреді. Осы Келісімнің шарттарына сай Компанияға агроөнеркәсіптік секторда материалдық өндірісті құруға, кеңейтуге және түрлендіруге арналған іс-шаралар кешенін іске асыруға ұзақ мерзімді инвестициялық қарыз берілді. Алынған қаражаттың шеңберінде Компания ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды қаржыландырады. Акционер қаржыландыруды ҚРҰБ арқылы облигациялық бағдарлама бойынша Ұлттық қордың қаражатынан жүзеге асырады. Келісім 2023 жылдың 30 желтоқсанына дейін қолданыста болады. 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Келісім шеңберіндегі қаржыландыру жылдық 1,02% номиналды сыйақы мөлшерлемесімен 113.459.000 мың теңге болды. Алынған қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 6,0% құрайды. 2019 жылғы 31 желтоқсанға осы Келісім бойынша берешек 26.705.679 мың теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсан: 35.920.297 мың теңге).

2013 жылғы 24 маусымда Компания мен Акционердің арасында 7 (жеті) жыл мерзімге және жылдық 5,8% номиналды пайыздық мөлшерлеменен 30.363.131 мың теңге сомасына № 63 Қарыз туралы үлгі келісім жасалды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы келісім бойынша берешек 6.036.669 мың теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 6.113.127 мың теңге).

(мың теңгемен)

16. Акционердің алдындағы берешек (жалғасы)

2014 жылғы 23 қыркүйекте Компания мен Акционердің арасында 9 (тоғыз) жыл мерзімге және оның мемлекет тарапынан субсидиялауымен жылдық 10% пайыздық мөлшерлеменен 14.272.998 мың теңгеге дейінгі сомаға № 113 Қарыз туралы негіздемелік келісім жасалды, оның жылдық 7%-ы мемлекет тарапынан субсидияланады және жылдық 3% -ын Компания төлейді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы келісім бойынша берешек 1.825.050 мың теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 3.268.543 мың теңге).

2014 жылғы 1 қазанда Компания мен Акционердің арасында 7 жыл мерзімге және жылдық 1,02% номиналды пайыздық мөлшерлеменен 6.189.000 мың теңге сомасына № 118 Қарыз шарты жасалды, қарыз бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 7,17% болды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы шарт бойынша берешек 1.926.466 мың теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсан: 2.799.416 мың теңге).

2016 жылғы 12 мамырда Компания мен Акционердің арасында 7 жыл мерзімге және жылдық 1,02% номиналды пайыздық мөлшерлеменен 3.800.000 мың теңге сомасына № 64 Қарыз шарты жасалды, қарыз бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 11,97% болды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы шарт бойынша берешек 1.067.396 мың теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсан: 1.755.986 мың теңге).

2017 жылғы 16 маусымда Компания мен Акционердің арасында 10 жыл мерзімге және жылдық 1,02% пайыздық мөлшерлеменен 8.220.600 мың теңге сомасына № 39 Қарыз туралы үлгі келісім жасалды, қарыз бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 8,49% болды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл келісімнің шеңберінде берешек 5.966.035 мың теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсан: 6.762.843 мың теңге).

2018 жылғы 24 шілдеде Компания мен Акционердің арасында Акционер Басқармасының шешімі бойынша 36 айға дейін ұзарту мүмкіндігімен 12 ай мерзімге 10.000.000 мың теңге сомасына № 86 Қарыз шарты жасалды. 2019 жылғы 23 шілдеде Компания Акционермен қарызды 12 ай мерзімге ұзартуды көздейтін № 86 Шартқа № 1 қосымша келісімді жасады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы шарт бойынша берешек 10.609.107 мың теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсан: 10.611.825 мың теңге).

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның Акционермен жасалған шарттары бойынша қаржылық ковенанттарды орындау бойынша міндеттемелері болмады. Акционердің алдындағы берешек кепіл мүлкімен қамтамасыз етілмеген.

17. Кредиттік ұйымдардың қаражаты

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кредиттік ұйымдардың қаражатына мыналар кірді:

	Валюта	Өтеу мерзімі	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
«Халық Банкі» АҚ	Теңге	2024 жыл	20.103.385	-
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	Теңге	2025 жыл	18.129.333	11.657.380
«Ресей Жинақ банкі» ЕБ АҚ	Теңге	2021 жыл	12.382.361	14.734.694
«Ситибанк Қазақстан» АҚ	Теңге	2020 жыл	12.282.777	-
Еуразиялық даму банкі	Теңге	2020 жыл	9.586.111	9.771.305
РОСЭКСИМБАНК АҚ	Ресей рублі	2022-2023 жылдар	3.450.362	3.833.931
Deere Credit, Inc.	АҚШ доллары	2019 жыл	-	857.531
Landesbank Berlin AG	Еуро	2019 жыл	-	611.940
«Газпромбанк» АҚ	АҚШ доллары	2019 жыл	-	184.299
«Россельхозбанк» АҚ	АҚШ доллары	2019 жыл	-	156.630
Кредиттік ұйымдардың қаражаты			75.934.329	41.807.710

2019 жылғы 13 тамызда Компания мен «Халық Банкі» АҚ арасында 5 жыл мерзімге 20.000.000 мың теңге сомаға Несие желісін беру туралы келісім жасалды, соның шеңберінде 20.000.000 мың теңге алынды.

2019 жылғы 31 тамызда Компания мен «Ситибанк Қазақстан» АҚ арасында 16.000.000 мың теңге сомаға Қысқа мерзімді несиелер туралы бас келісім жасалды, соның шеңберінде 12.000.000 мың теңге алынды.

2019 жылғы 28 қарашада Компания мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арасында 84 ай мерзімге және жылдық 5,0% номиналды мөлшерлеменен 15.000.000 мың теңге жалпы сомаға қаражатты алуға арналған несие желісін ашу туралы Үлгі келісім жасалды, соның шеңберінде Компания 8.225.000 мың теңге алды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл келісім бойынша берешек 7.105.361 мың теңгені құрады, тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 5,0% болды. Бастапқы тану күніне «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-нан қаражаттың әділ құны жылдық 9,58% мөлшерлемесі бойынша дисконтталған күтілетін ақша ағындарының негізінде есептелді. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-нан алынған қарыз бастапқыда танылған кезде Компания Акционермен болған операциялар ретінде капитал құрамында 1.162.611 мың теңге сомасына дисконтты мойындады.

(мың теңгемен)

17. Кредиттік ұйымдардың қаражаты (жалғасы)**Шектейтін қаржы талаптары**

Кредиттік ұйымдармен жасалған қарыз шарттарының талаптарына сәйкес Компания Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешені аясында ҚазАгро-ның еншілес ұйымдары үшін ҚРҰБ белгілеген пруденциалдық нормативтерді қоса алғанда, белгілі бір қаржы коэффициенттерін сақтауға міндетті.

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания осы кредиторлармен жасалған шарттар бойынша шектейтін қаржы шарттарын орындау талаптарын сақтайды.

18. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздарға келесі позициялар кіреді:

	<i>Өтеу күні</i>	<i>Мөлшерлеме, %</i>	<i>Валюта</i>	<i>2019 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2018 жылғы 31 желтоқсан</i>
Купондық облигациялардың екінші шығарылымы	2022 жылғы 12 маусым	8,5%	Теңге	18.027.514	18.012.268
Бірінші облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі облигациялардың үшінші шығарылымы	2023 жылғы 16 қаңтар	8,0%	Теңге	17.130.311	17.007.945
Екінші облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі купондық облигациялардың бірінші шығарылымы	2023 жылғы 8 қараша	12,0%	Теңге	12.164.687	8.043.907
Екінші облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі облигациялардың екінші шығарылымы	2021 жылғы 14 қараша	15,0%	Теңге	8.138.093	8.128.158
Үшінші облигациялық бағдарламаның шеңберіндегі купондық облигациялардың бірінші шығарылымы	2024 жылғы 24 желтоқсан	12,0%	Теңге	5.972.046	-
Купондық облигациялардың алғашқы шығарылымы	2024 жылғы 12 маусым	8,5%	Теңге	3.952.283	3.949.539
Коммерциялық облигациялар	2019 жылғы 29 қазан	10,5%	Теңге	-	9.454.251
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар				65.384.934	64.596.068

2019 жылғы ақпанда және наурызда Компания 4.040.050 мың теңге жалпы номиналды құнымен екінші облигациялық бағдарламаның шеңберінде купондық облигациялардың бірінші шығарылымының облигацияларын және 50.000 мың теңге жалпы номиналды құнымен екінші облигациялық бағдарламаның шеңберінде купондық облигациялардың екінші шығарылымының облигацияларын орналастырды.

2019 жылғы қарашада Компания айналу мерзімінің аяқталуына орай коммерциялық облигацияларды өтеді.

2019 жылғы желтоқсанда Компания жалпы номиналды құны 6.243.700 мың теңге болатын екінші облигациялық бағдарламаның шеңберінде купондық облигациялардың үшінші шығарылымын орналастырды.

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша шектейтін шарттарды орындау талаптарын сақтайды.

19. Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешегіне Компанияның кейіннен қаржылық жалдауға беруге арналған мүлік үшін өнім жеткізушілердің алдындағы берешегі кіреді:

	<i>31 желтоқсан 2019 жылғы</i>	<i>2018 жылғы 31 желтоқсан</i>
Ауыл шаруашылық техникасы	4.905.777	3.555.320
Жабдық	645.478	964.920
Ірі қара мал	45.002	115.413
Басқасы	265.329	166.565
Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек	5.861.586	4.802.218

(мың теңгемен)

20. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу келесі баптардан тұрады:

	<u>2019 жыл</u>	<u>2018 жыл</u>
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	215.818	222.908
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша үнемділік – уақыт айырмаларының туындауы және азаюы	(583.550)	(331.107)
Капиталда танылған кейінге қалдырылған салықты шегере отырып	(106.671)	(188.656)
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемділік	(474.403)	(296.855)

Капитал құрамында мойындалған кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы келесі тәсілмен бөлінген:

	<u>2019 жыл</u>	<u>2018 жыл</u>
Активтер бойынша	-	15.719
Міндеттемелер бойынша	(106.671)	(204.375)
Капиталда танылған корпоративтік табыс салығы	(106.671)	(188.656)

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер 134.137 мың теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсан: 175.427 мың теңгені) құрады.

Компанияға арналған корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 2019 және 2018 жылдары 20,0%-ды құрады.

Корпоративтік табыс салығының тиімді мөлшерлемесі пайдаға салынатын салықтың ресми мөлшерлемесінен ерекшеленеді. Төменде қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша үнемділікпен ресми мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың салыстырылуы келтірілген:

	<u>2019 жыл</u>	<u>2018 жыл</u>
Салық салынғанға дейінгі пайда	8.736.561	6.431.517
Корпоративтік табыс салығының ресми мөлшерлемесі	20%	20%
Ресми мөлшерлеме бойынша корпоративтік табыс салығының теориялық шығыстары	1.747.312	1.286.303
Салық салынбайтын қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің пайыздық кірісі	(2.729.167)	(2.637.657)
Кірісті төлеу көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	215.818	222.908
Несиелік залалдар бойынша есептен шығарылмайтын шығыстар	241.616	716.805
Резервтерді құрудан және құнсыздануынан болған басқа да шығыстарға жатқызылмайтындар	23.396	18.553
Негізгі қызметпен байланысты емес шығыстарға есептен шығарылмайтындар	25.921	52.975
Есептен шығарылмайтын айыппұлдар мен өсімпұлдар	701	43.258
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемділік	(474.403)	(296.855)

(мың теңгемен)

20. Салық салу (жалғасы)

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ олардың тиісті жылдардағы қозғалысына келесі позициялар жатады:

	Уақытша айырмалардың туындауы және азаюы			Уақытша айырмалардың туындауы және азаюы			2019 жыл
	2017 жыл	Пайда немесе зиян туралы есепте	Капиталда	2018 жыл	Пайда немесе зиян туралы есепте	Капиталда	
Шегерілетін уақыт айырмаларының салық әсері							
Клиенттерге берілген несиелер	599.035	(185.475)	15.719	429.279	(73.557)	-	355.722
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	-	-	-	-	110.677	-	110.677
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	16.080	(2.281)	-	13.799	112.501	-	126.300
Пайдаланылмайтын демалыстар бойынша есептелген шығыстар	53.450	-	-	53.450	-	-	53.450
Кепілдіктер	36.840	-	-	36.840	-	-	36.840
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер	705.405	(187.756)	15.719	533.368	149.621	-	682.989
Салық салынатын уақыт айырмаларының салық әсері							
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	(292.631)	114.759	-	(177.872)	79.138	-	(98.734)
Акционердің алдындағы берешек	(2.032.523)	603.700	64.510	(1.364.313)	383.212	125.851	(855.250)
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	-	-	(268.885)	(268.885)	66.409	(232.522)	(434.998)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(49.555)	(10.940)	-	(60.495)	11.840	-	(48.655)
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	(2.374.709)	707.519	(204.375)	(1.871.565)	540.599	(106.671)	(1.437.637)
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған таза міндеттеме	(1.669.304)	519.763	(188.656)	(1.338.197)	690.220	(106.671)	(754.648)

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер соның есебінен актив пайдаланылуы мүмкін келешек салық салынатын пайда қолжетімді болуы мүмкін көлемде мойындалады. Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер тиісті салық жеңілдігі іске асырылады деген ықтималдылықтың болмауы көлемінде азаяды.

21. Алынған аванстар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4.795.803 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсан: 4.263.925 мың теңге) мөлшерінде алынған аванстар клиенттер қаржылық жалдау шарттарының талаптары бойынша сатып алған, бірақ жалға алушыға берілмеген, қаржылық жалға арналған мүлік үшін жасаған алдын ала төлемді, сондай-ақ қаржылық жалдау шарттары бойынша алдын ала төлемді білдіреді.

(мың теңгемен)

22. Несиелік залалдар бойынша шығыстар

Төмендегі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы пайда немесе зиян құрамында көрсетілген қаржы құралдары бойынша КНЗ шығыстары көрсетілген:

	Ескерт.	2019 жыл			Жиыны
		1-кезең	2-кезең	3-кезең	
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5	403	73	-	476
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	6	(5)	-	-	(5)
Амортизациялық құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	7	(834)	-	-	(834)
Клиенттерге берілген несиелер	8	(122.014)	30.744	(1.328.595)	(1.419.865)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	9	2.186.177	(1.280.711)	(224.439)	681.027
Пайдаланылмаған кредит желілері	25	(72.667)	-	-	(72.667)
Берілген кепілдіктер	25	3.110	-	-	3.110
Басқа да қаржы активтері	23	-	(454.820)	54.987	(399.833)
Несиелік залалдар бойынша шығыстар		1.994.170	(1.704.714)	(1.498.047)	(1.208.591)

Төмендегі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы пайда немесе зиян құрамында танылған қаржы құралдары бойынша КНЗ шығыстары көрсетілген:

	Ескерт.	2018 жыл			Жиыны
		1-кезең	2-кезең	3-кезең	
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5	4.817	(73)	-	4.744
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	6	543	-	-	543
Клиенттерге берілген несиелер	8	616.084	(122.941)	(252.305)	240.838
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	9	3.126.984	(1.689.202)	(3.960.331)	(2.522.549)
Пайдаланылмаған кредит желілері	25	88.864	-	-	88.864
Берілген кепілдіктер	25	1.134	-	-	1.134
Басқа да қаржы активтері	23	-	(409.997)	(222.417)	(632.414)
Несиелік залалдар бойынша шығыстар		3.838.426	(2.222.213)	(4.435.053)	(2.818.840)

Төменде құнсыздану резервінің және басқа да резервтердің қозғалысы көрсетілген:

	Қаржылық жалға арналған мүлік	Берілген аванстар	Сатуға арналған активтер	Жиыны
2017 жылғы 31 желтоқсанға	(577.764)	(11.703)	-	(589.467)
Аудару	(176.980)	(12.926)	-	(189.906)
Активтерді есептен шығару	127.688	-	-	127.688
2018 жылғы 31 желтоқсанға	(627.056)	(24.629)	-	(651.685)
Аудару/(қайтару)	(551.922)	513	(108.897)	(660.306)
Активтерді есептен шығару	202.196	43	108.897	311.136
2019 жылғы 31 желтоқсанға	(976.782)	(24.073)	-	(1.000.855)

Активтердің құнсыздану резервтері тиісті активтердің құнынан есептен шығарылады.

(мың теңгемен)

23. Басқа да активтер мен міндеттемелер

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқа активтерге келесі позициялар кіреді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Басқа да қаржы активтері		
Сот шешімі бойынша танылған дебиторлық берешек	1.706.568	1.300.580
Жоғалып қалған лизинг заттарының құнын өтеу бойынша берешек	84.451	75.786
Басқа да дебиторлық берешек	823.101	692.441
	2.614.120	2.068.807
КНЗ бойынша резерв	(1.985.163)	(1.588.189)
Басқа да қаржы активтерінің жиыны	628.957	480.618
Басқа да қаржылық емес активтер		
Келешек кезеңдердің шығыстары	219.471	485.249
Қызметкерлермен есеп айырысулар	596	643
Өзге де қаржылық емес активтердің жиыны	220.067	485.892
Басқа да активтер	849.024	966.510

Төменде 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін басқа да қаржы активтері бойынша КНЗ-ға резерв өзгерістерінің талдауы келтірілген:

	2019 жыл		
	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2019 жылдың 1 қаңтарына КНЗ резерві	(17.996)	(1.570.193)	(1.588.189)
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	(422.589)	(116.540)	(539.129)
3-кезеңге аудару	3.699	(3.699)	-
Кезеңде КНЗ-ның өзгеруі	(32.231)	171.527	139.296
Есептен шығарылған сомалар	-	2.859	2.859
2019 жылғы 31 желтоқсанға	(469.117)	(1.516.046)	(1.985.163)

Төменде 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін басқа да қаржы активтері бойынша КНЗ-ға резерв өзгерістерінің талдауы келтірілген:

	2018 жыл		
	2-кезең	3-кезең	Жиыны
2018 жылдың 1 қаңтарына КНЗ резерві	(14.037)	(952.885)	(966.922)
Жаңадан құрылған немесе сатып алынған активтер	(409.800)	-	(409.800)
2-кезеңге аудару	(4.762)	4.762	-
3-кезеңге аудару	407.010	(407.010)	-
КНЗ-ның бір жылғы өзгерістері	(197)	(222.417)	(222.614)
Есептен шығарылған сомалар	3.790	7.357	11.147
2018 жылғы 31 желтоқсанға	(17.996)	(1.570.193)	(1.588.189)

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқа міндеттемелерге келесі позициялар кіреді:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Басқа да қаржылық міндеттемелер		
Несие сипатындағы шартты міндеттемелер бойынша КНЗ резерві (25-ескертпе)	160.119	90.562
Басқа да қаржылық міндеттемелер	160.119	90.562
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер		
Болашақ кезеңдердің пайыздық кірістері	1.413.589	2.915.252
Бюджетке міндетті төлемдер бойынша берешек және жұмыскерлерге берешек	43.762	56.014
Төленуге жататын корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	29.629	114.088
Өзге ағымдағы міндеттемелер	318.898	297.463
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер	1.805.878	3.382.817
Басқа да міндеттемелер	1.965.997	3.473.379

(мың теңгемен)

24. Капитал

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына бір акция үшін 1.000 теңге орналастыру бағасы бойынша жарияланған және төленген жай акциялардың жалпы саны 82.837.191 дана болды. Бір жай акцияның иесі бір дауысқа ие және дивидендтерді алуға тең құқыққа ие. Бөлінуге жататын табыс Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген табыстың негізінде айқындалады.

Акционердің 2019 жылғы 31 мамырдағы шешіміне сәйкес Компания 2018 жыл үшін 6.728.372 мың теңге немесе бір жай акция үшін 81,22 теңге мөлшерінде дивидендтерді жария етті. Есепті кезең ішінде дивидендтер толығымен төленді. Акционердің 2018 жылғы 29 мамырдағы шешіміне сәйкес Компания 2017 жыл үшін 3.572.220 мың теңге немесе бір жай акция үшін 43,12 теңге мөлшерінде дивидендтерді жария етті. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дивидендтер толық мөлшерде төленді.

Компанияның Ережесіне сай резервтік капитал, келешек шығындарды және басқа да көзделмеген тәуекелдер мен міндеттемелерді қоса алғанда, жалпы тәуекелдер үшін қалыптасады. Резервтік капитал Акционердің жалпы жиналыстағы шешімінің негізінде бөлінуі тиіс. 2019 және 2018 жылдардың ішінде резервтік капитал өзгерген жоқ. 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша резервтік капитал 1.436.184 мың теңге болды.

Төменде қосымша төленген капитал мен шартты бөлу бойынша резервтің баптары бойынша қозғалыс көрсетілген:

	Қосымша төленген капитал	Шартты бөлу резерві
2017 жылғы 31 желтоқсанға	24.912.791	(9.542.733)
Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс	1.021.877	-
Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан болған салық әсері (20-ескертпе)	(204.375)	-
Бір жылғы шартты бөлу резерві	-	(78.597)
Шартты бөлу бойынша резервті мойындаудан болған салық әсері (20-ескертпе)	-	15.719
2018 жылғы 31 желтоқсанға	25.730.293	(9.605.611)
Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан түскен кіріс	533.353	-
Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздарды бастапқы мойындаудан болған салық әсері (20-ескертпе)	(106.671)	-
Бір жылғы шартты бөлу резерві	-	-
Шартты бөлу бойынша резервті мойындаудан болған салық әсері (20-ескертпе)	-	-
2019 жылғы 31 желтоқсанға	26.156.975	(9.605.611)

2019 жылдың 31 желтоқсанына Қазақстанның қор биржасының әдістемесіне сай есептелген бір жай акцияның баланстық құны 1.311,95 теңгені (2018 жылғы 31 желтоқсан: 1.277,14 теңге) құрайды.

	2019 жыл	2018 жыл
Активтер	325.735.579	298.933.878
Материалдық емес активтерді шегере отырып	(581.104)	(554.969)
Міндеттемелерді шегере отырып	(216.476.593)	(192.584.166)
Таза активтер	108.677.882	105.794.743
31 желтоқсанға жай акциялардың саны, дана	82.837.204	82.837.204
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	1.311,95	1.277,14

(мың теңгемен)

24. Капитал (жалғасы)

Төменде пайда және акцияға арналған базалық және бөлінген пайданы есептеу кезінде пайдаланылған акциялар туралы деректер көрсетілген:

	<u>2019 жыл</u>	<u>2018 жыл</u>
Бір жылғы таза пайда	9.210.964	6.728.372
31 желтоқсанда аяқталған жылғы жай акциялардың орташа алынған саны	82.837.204	82.837.204
Жай акцияға базалық және бөлінген пайда (теңгемен)	111,19	81,22

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда акцияға арналған пайдаға бөлінетін қаржы құралдары болған жоқ.

25. Шарттық және шартты міндеттемелер**Қызметті жүргізу шарттары**

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ Үкімет экономика, қаржы және ақша-несие саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

2019 жылы қазақстандық экономика өзінің теріс әсерін теңгенің негізгі шетел валюталарына қатысты айырбастау бағамының волатильділігі жалғастырды. Теңгемен пайыздық мөлшерлемелер жоғары болып қалып отыр. Басқа факторлармен қатар аталған факторлардың жиынтығы капитал жеткіліктігінің азаюына, капитал құнының өсуіне, инфляцияның артуына және экономикалық өсімге қатысты белгісіздікке әкеп соқтырды. Компанияның басшылығы ағымдағы жағдайларда Компанияның экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санайды.

Сот істері

Компания нарықта өзінің әдеттегі қызметін жүзеге асыруы барысында заңгерлік шағым-талаптардың көптеген түрлеріне тап болады. Басшылық сот істерінің (ондайлар болған жағдайда) нәтижесінде туындайтын міндеттемелердің түпкі көлемі Компанияның қаржылық жағдайына немесе оның одан кейінгі қызметіне айтарлықтай теріс әсерін тигізбейді деп пайымдап отыр.

Басшылықтың қандай да бір елеулі немесе шешілмей қалған сот істері жайында, сондай-ақ Компанияға қарсы берілуі мүмкін әлеуетті шағымдар туралы ақпараты жоқ.

Салық салу

Қазақстандық коммерциялық және атап айтқанда, салық заңнамасында түсінік берілуі өзгеріп отыруы мүмкін ережелер бар, жекелеген жағдайларда заңнамаға жанама түрдегі ретроспективті әрекеті бар өзгерістер енгізілуі мүмкін. Сонымен бірге, Компания басшылығының заңнама ережелерін түсінуі осы ережелерді салық органдарының түсінуінен ерекшеленуі мүмкін және нәтижесінде Компания жүргізген операцияларды салық органдары өзгеше бағалауы мүмкін және бұл қосымша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Компания басшылығы барлық қажетті салық аударымдары жасалды және тиісінше, есептілікте қандай да бір резервтер есептелген жоқ деп есептейді. Салық органдары соңғы 5 (бес) жыл үшін салық салу бойынша деректерді тексеруі мүмкін.

Пайдаланылмаған несие желілері

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына Компанияның шарттық және шартты міндеттемелеріне келесі позициялар кірді:

	<u>2019 жылғы 31 желтоқсан</u>	<u>2018 жылғы 31 желтоқсан</u>
Несие сипатындағы міндеттемелер		
Пайдаланылмаған несие желілері	7.580.933	4.432.515
Берілген кепілдіктер	748.834	1.260.323
КНЗ резерві шегерілгенге дейін несие сипатындағы міндеттемелер	8.329.767	5.692.838
КНЗ резерві (23-ескертпе)	(160.119)	(90.562)
Жиыны	8.169.648	5.602.276

(мың теңгемен)

25. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)**Пайдаланылмаған несие желілері (жалғасы)**

2011 жылғы 16 маусымда Компания қарызды беру туралы келісім бойынша «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-ның міндеттемелерін қамтамасыз ететін Ислам Даму Банкімен 6.661.130 ислам динары сомасына қаржылық кепілдікті беру туралы шартты жасады. Бұл кепілдік ҚазАгро-ның қарсы кепілдігімен қамтамасыз етілген. 2019 жылғы 31 желтоқсанға «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-нан алынған қарыздың жалпы сомасы 1.415 мың ислам динары немесе 748.834 мың теңге болды (2018 жылғы 31 желтоқсан: 2.359 мың ислам динары немесе 1.260.323 мың теңге).

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін пайдаланылмаған несие желілері мен берілген кепілдіктер бойынша КНЗ резервтерінің өзгерістерін талдау төменде келтірілген:

	<i>Пайдаланыл- маған несие желілері</i>	<i>Берілген кепілдіктер</i>	<i>Жиыны</i>
2018 жылдың 1 қаңтарына КНЗ резерві	173.065	7.495	180.560
КНЗ-ның бір жылғы өзгерістері	(88.864)	(1.134)	(89.998)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	84.201	6.361	90.562
КНЗ-ның бір жылғы өзгерістері	72.667	(3.110)	69.557
2019 жылғы 31 желтоқсанға	156.868	3.251	160.119

26. Басқа да кірістер

Басқа да кірістерге келесі позициялар кіреді:

	<i>2019 жыл</i>	<i>2018 жыл</i>
Шығыстарды өтеуден және міндеттемелерді есептен шығарудан болған кіріс	582.592	458.552
Қорлар бойынша құрылған резервтерді қалпына келтіруден түскен кіріс	149.810	98.490
Алынған айыппұлдар мен өсімпұлдар	78.020	38.062
Қаржылық жалдың қайтарымды мәндері бойынша кіріс	–	39.772
Басқа	21.370	336.011
Басқа да кірістер	831.792	970.887

Компания айыппұлдар мен өсімпұлдарды өнім жеткізушілерден қаржылық жалдауға арналған құрал-жабдықтарды дер кезінде жеткізбегені үшін алды.

(мың теңгемен)

27. Персонал шығыстары және басқа да операциялық шығыстар

Персонал шығыстарына және басқа да операциялық шығыстарға келесі позициялар кіреді:

	2019 жыл	2018 жыл
Персонал шығыстары	(2.541.993)	(2.481.160)
Әлеуметтік қамсыздандыру шығыстары	(243.095)	(248.616)
Персонал шығыстары	(2.785.088)	(2.729.776)
Жөндеу және қызмет көрсету	(214.617)	(135.208)
Кәсіби қызметтер	(135.286)	(137.217)
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	(117.813)	(65.344)
Жалдау	(106.003)	(118.794)
Лизинг заттарына қызмет көрсету	(77.287)	(111.317)
Материалдар	(55.983)	(51.337)
Жарнама және маркетинг	(51.732)	(41.510)
Іссапар шығыстары	(48.164)	(56.119)
Байланыс	(34.070)	(32.220)
Сақтандыру	(24.545)	(27.600)
Тренингтер	(20.761)	(13.529)
Банк комиссиясы	(16.982)	(18.257)
Сот шығыстары	(11.237)	(8.929)
Кеңсе тауарлары	(8.972)	(8.641)
Коммуналдық шығыстар	(5.699)	(6.364)
Демеушілік	(5.000)	(5.000)
Әлеуметтік бағдарлама бойынша шығыстар	(3.279)	(2.617)
Басқа	(131.347)	(73.135)
Басқа да операциялық шығыстар	(1.068.777)	(913.138)

28. Тәуекелдерді басқару**Кіріспе**

Компания қызметіне тәуекелдер тән. Компания анықтау, бағалау және бақылаудың үздіксіз үрдісі барысында, сондай-ақ тәуекел шектерін және ішкі бақылаудың басқа шараларын белгілеу арқылы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару үрдісі Компанияның тұрақты тиімділігін ұстап тұру үшін шешуші маңызға ие және Компанияның әрбір жеке қызметкері міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауап береді. Компания өз кезегінде сауда операцияларына байланысты тәуекел және саудалық емес қызметке байланысты тәуекел деп бөлінетін несиелік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге бейім. Компания, сондай-ақ операциялық тәуекелдерге де бейім.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау үрдісі ортаны, технологияны өзгерту немесе саладағы өзгерістер сияқты қызмет жүргізу тәуекелдеріне жатпайды. Компания мұндай тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау үрдісі барысында бақылайды.

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді анықтау мен оларды бақылауға жалпы жауап беретін Директорлар кеңесі, алайда, тәуекелдерді басқару мен бақылауға жауапты жекелеген тәуелсіз органдар да бар.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың жалпы амал-тәсілдеріне, тәуекелдерді басқарудың стратегиялар мен ұстанымдарын бекітуге жауап береді.

Басқарма

Басқарманың міндеті Компаниядағы тәуекелдерді басқару үрдісін бақылау болып табылады.

Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару бөлімшесі бақылаудың тәуелсіз процесін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқаруға байланысты процедураларды енгізу мен жүргізуге жауап береді.

(мың теңгемен)

28. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Кіріспе (жалғасы)

Тәуекелдерді бақылау

Тәуекелдерді бақылау бөлімшесі Компанияның тәуекелдерді басқару ұстанымдарының, саясатының және тәуекел шектерінің сақталуын бақылауға жауап береді. Қордың құрылымына тікелей Директорлар кеңесіне бағынышты болатын жекелеген бөлімше кіреді, әрі ол белгіленген шектермен салыстырғанда тәуекелге бейім бағыттардың мөлшерін бақылауды қоса алғанда, тәуекелдерді тәуелсіз бақылауға, сондай-ақ жаңа өнімдер мен құрылымданған мәмілелер тәуекелін бағалауға жауап береді. Бұл бөлімше, сондай-ақ тәуекелді бағалау және тәуекелдер туралы есептілік жүйесінде толық ақпарат жинауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ тәуекелдерді бақылау мақсатында Компания филиалдарында тәуекел-менеджерлері көзделген.

Компания қазынашылығы

Компания қазынашылығы Компанияның активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржылық құрылымын басқару үшін жауап береді. Сондай-ақ Компанияның өтімділік тәуекелі мен қаржыландыру тәуекелі үшін негізгі жауапкершілік қазынашылық мойнында.

Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметінің жұмысы Компанияның Директорлар кеңесіне процедуралардың жеткіліктігі, сол сияқты Компанияның осы процедураларды орындау ретінде жыл сайынғы аудитті жүргізуге негізделген тәуелсіз, объективті әрі әділ ақпаратты ұсыну болып табылады. Аудит бөлімі басшылықпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін талқылайды және өзінің қорытындылары мен ұсыныстарын Директорлар кеңесіне тікелей береді.

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпарат беру жүйелері

Компания тәуекелдері күнделікті қызмет барысында орын алуы мүмкін күтілетін шығынды да, санақ модельдері негізінде неғұрлым үлкен нақты шығындардың бағасы болып табылатын болжанбаған шығындарды да бейнелейтін әдіс көмегімен бағаланады. Модельдерде бұрынғы тәжірибеден алынған және экономикалық жағдайлар ескеріле отырып түзетілген ықтималдылықтардың мәндері қолданылады. Компания, сондай-ақ ықтималдылығы төмен деп саналатын оқиғалар туындаған жағдайда орын алатын «ең жаман сценарийлердің» де моделін жасайды.

Тәуекелдерге мониторинг жүргізу және бақылау, негізінен Компания белгілеген шектерге негізделеді. Мұндай шектер қызмет жүргізу стратегиясы мен Компания қызмет ететін нарықтық жағдайларды, сондай-ақ Компания қабылдауға дайын тәуекел деңгейін білдіреді. Мұнымен қоса, Компания тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық бағыттарға қатысты тәуекелдерді көтерудегі өзінің жалпы қабілетін бақылайды және бағалайды.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді сараптау, бақылау және ерте бастан анықтау мақсатында зерттеледі және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Компанияның Директорлар кеңесіне, Басқармасына, Несие комитетіне, бөлімше басшыларына ұсынылады. Бұл ақпаратта несиелік тәуекелдің жиынтық мөлшерінің көрсеткіші, болжалды несиелік көрсеткіштер, белгіленген тәуекел шектерінің шектеулері, тәуекел ескерілген құн, өтімділік көрсеткіштері, пайыздық тәуекел көрсеткіштері, тәуекел деңгейіндегі өзгерістер беріледі.

Компанияның барлық деңгейлеріне Компанияның барлық бөлімшелерін жан-жақты, қажетті және өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету үшін таратылатын тәуекелдер туралы түрлі есептер жасалады.

Белгіленген шектерді ұстап тұру талқыланатын, тәуекел ескерілген құн, инвестициялар, өтімділік, сондай-ақ тәуекел деңгейіндегі өзгерістер сарапталатын Басқарманың және Компанияның өзге де қызметкерлерінің жиналыстары тұрақты түрде өткізіледі.

Тәуекелді азайту

Компания тәуекелдерді басқару аясында пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбастау бағамдарындағы өзгерістер, акциялар бағасының өзгеру тәуекелі, несиелік тәуекел салдарынан туындайтын бағыттарды, сондай-ақ болжалды мәмілелер бойынша бағыттарды басқару үшін туынды және басқа құралдарды қолданады.

Компания өзінің несиелік тәуекелін азайту үшін белсенді түрде қамтамасыз етуді пайдаланады.

(мың теңгемен)

28. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Несиелік тәуекел

Несиелік тәуекел – Компания клиенттерінің немесе қарсы агенттерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан шығынға ұшырау тәуекелі. Компания несиелік тәуекелді жекелеген қарсы агенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануы бойынша Компания қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ тәуекелдің белгіленген шектерінің сақталуына мониторинг жүргізу көмегімен басқарады.

Компания қамтамасыз ету мөлшерін кезеңділікпен қайта қарауды қоса отырып, қарсы агенттердің несиелік қабілетіндегі мүмкін өзгерістерді ертерек анықтауды қамтамасыз ету үшін несиелік сапаны тексеру процедурасын әзірледі. Қарсы агенттер бойынша шектер әрбір қарсы агентке несиелік тәуекел беретін несиелік тәуекелді жіктеу жүйесін пайдалана отырып анықталды. Несиелік тәуекел үнемі қайта қаралып отырады. Несиелік сапаны тексеру процедурасы Компанияға өзі бейім тәуекелдер бойынша әлеуетті шығындардың мөлшерін бағалау және қажетті шаралар қабылдау мүмкіндігін береді.

Туынды қаржы құралдары

Туынды қаржы құралдарымен байланысты несиелік тәуекел кез келген сәтте қаржылық жағдай туралы есепте мойындалған оң әділ құны бар туынды құралдармен шектелген.

Несие сипаттағы міндеттемелермен байланысты тәуекелдер

Компания өз клиенттеріне кеңілдіктерді алу мүмкіндігін береді, әрі солар бойынша Компанияның клиенттердің алдында төлемдерді жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін. Клиенттер аккредитивті ұсыну шарттарына сәйкес Компанияның мұндай төлемдерін өтейді. Компания көрсетілген шарттар бойынша несиелер бойынша тәуекелдерге ұқсас болатын және тәуекелдерді бақылау процедуралары мен саясаттарының көмегімен азаятын тәуекелдерді көтереді.

Өзара есептесу туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдаланудың салдарынан тәуекелдің азаюының ықпалын есепке алмастан, туынды құралдарды қоса алғанда, қаржылық жағдай туралы есеп баптарының баланстық құны мұндай баптар бойынша несиелік тәуекелдің ең көп мөлшерін барынша дәл етіп көрсетеді.

Әділ құнымен бейнеленген қаржы құралдары бойынша олардың баланстық құны құндағы өзгеріс нәтижесінде болашақта туындауы мүмкін тәуекелдің ең жоғарғы мөлшерін емес, несиелік тәуекелдің ағымдағы мөлшерін білдіреді.

Қаржы құралдарының әрбір класы бойынша несиелік тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері туралы толығырақ ақпарат жеке ескертпелерде берілді.

Құнсыздануды бағалау

Компания КНЗ-ны тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталатын ақша қаражатын жеткіліксіз алуын бағалау үшін ықтималдылықты ескере отырып алынған бірнеше сценарийдің негізінде есептейді. Ақша қаражатын жеткілікті алмау – ұйымға шарттарға сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен ұйым алынуын күтіп отырған ақша ағындары арасындағы айырма. КНЗ-ны есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтері мыналар болып табылады:

Дефолт ықтималдылығы (PD)	<i>Дефолт ықтималдылығы</i> белгіленген уақыт аралығының бойына дефолттың орын алу ықтималдылығының есепті бағалауын білдіреді. Дефолт қарастырылатын кезең ішінде белгілі бір уақыт сәтінде ғана орын алуы мүмкін, егер активтің мойындалуы тоқтамаса және ол бұрынғысынша портфельдің бір бөлігі болып табылса.
Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем (EAD)	Дефолт тәуекеліне ұшыраған өлшем, шартта немесе өзгеше көзделген негізгі борыш сомасы мен пайыздардың төленуін, төлем жасау мерзімдерінің өтуі нәтижесінде есептелген берілген қарыздар мен пайыздардың өтелуін қоса алғанда, бұл көлемнің есепті күннен кейінгі күтілетін өзгерістерін ескере отырып, келешекте қандай да бір күнге дефолтка ұшыраған көлемнің есепті бағалануын білдіреді.
Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі (LGD)	<i>Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі</i> белгілі бір уақыт сәтінде дефолт орын алған жағдайда туындайтын залалдардың есепті бағалануын білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды күтіп отырған, оның ішінде қамтамасыз етуді өткізу нәтижесінде күтіп отырған ақша ағындарының арасындағы айырмаға сүйене отырып есептеледі. Әдетте EAD-қа қатысты пайыздармен білдіріледі.

(мың теңгемен)

28. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Құнсыздануды бағалау (жалғасы)

КНЗ бағалау резерві пайда болуы активтің қолданылу мерзімінің бойынша күтілетін (бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдары немесе бүкіл мерзім үшін КНЗ) несие залалдарының негізінде есептеледі, егер бастапқы мойындау сәтінен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайса, өйтпеген жағдайда бағалау резерві 12 айлық күтілетін несие залалдарына (12 айлық КНЗ) тең болатын сомада есептеледі. 12-айлық КНЗ – есепті күннен кейін 12 айдың ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын КНЗ білдіретін бүкіл мерзім үшін КНЗ бір бөлігі. Бүкіл мерзім үшін КНЗ мен 12-айлық КНЗ дербес негізде, не болмаса қаржы құралдары базалық портфелінің сипатына қарай топтық негізде есептеледі.

Компания қаржы құралы қолданылуының қалған мерзімінің бойына дефолттың орын алу тәуекелінің өзгеруін есепке алу арқылы, қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап сол бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының болуына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңына бағалауды жүзеге асыруға арналған саясатты әзірледі. Жоғарыда сипатталған процестің негізінде Компания қаржы активтерін келесі топтарға біріктіреді:

- 1-кезең: Актив бастапқыда танылған кезде Компания 12-айлық КНЗ тең болатын сомада бағалау резервін мойындайды. 1-кезеңге несиелер, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек пен басқа да несие желілері жатады, солар бойынша несиелік тәуекел олар 2-кезеңнен ауыстырылатындай дәрежеге дейін төмендетілді.
- 2-кезең: Егер актив бойынша несиелік тәуекел бастапқыда танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайса, Компания бүкіл мерзім үшін КНЗ тең болатын сомада бағалау резервін мойындайды. 2-кезеңге несиелер, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек пен басқа да несие желілері жатады, солар бойынша несиелік тәуекел олар 3-кезеңнен ауыстырылатындай дәрежеге дейін төмендетілді.
- 3-кезең: Несиелік-құнсызданған болып табылатын активтер. Компания бүкіл мерзім үшін КНЗ тең болатын сомада бағалау резервін мойындайды.
- СҚНҚ: Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған (СҚНҚ) активтер – солар бойынша бастапқы мойындау сәтіне несиелік құнсыздануы болған қаржы активтері. Бастапқы мойындау кезінде СҚНҚ активтері әділ құны бойынша бағаланады және кейіннен несиелік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім танылады. КНЗ бағалау резерві бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдары сомасының кейіннен өзгеруі болған көлемде танылады немесе танылуы тоқтатылады.

КНЗ бағалау кезінде Компания үш сценарийді қарастырады: базалық, оптимистикалық, пессимистикалық. Солардың әрқайсысы үшін өзінің PD, EAD және LGD көрсеткіштері белгіленеді. КНЗ-ны айқындау модельдерінде Компания бастапқы экономикалық деректер ретінде болжамды ақпараттың кең спектрін пайдаланады. Құнсызданудан болған залалдар мен олардың өтелуі ескеріледі және солар туралы ақпарат қаржы активтерінің жалпы баланстық құнын түзету ретінде көрсетілетін түрлендіруден пайдадан немесе зияннан бөлек ұсынылады.

Дефолтты анықтау және сауықтыру

Компания қаржы құралы бойынша дефолт орын алды деп есептейді және тиісінше, қарыз алушы шартта көзделген төлем мерзімін 90 күнге кешіктірген жағдайда КНЗ-ны есептеу мақсатында 3-кезеңге (несиелік-құнсызданған активтер) жатқызады. Қазынашылық және банкаралық операциялар болған жағдайда Компания дефолт болды деп есептейді және егер операциялық күнді жабу сәтіне бөлек келісімдерде көрсетілген қажетті күнішілік төлемдер жасалмаса, оны жою бойынша дереу шараларды қолға алады. Бағалы қағаздар, депозиттер, ағымдағы шоттардағы қаражаттар бойынша күтілетін несиелік залалдың есептелуі Fitch Ratings, Moody's InvestorsService, S&P GlobalRatings халықаралық рейтинг агенттіктері тағайындайтын сыртқы несиелік рейтингтердің негізінде жүзеге асырылады.

(мың теңгемен)

28. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Дефолтты анықтау және сауықтыру (жалғасы)

Клиент бойынша дефолттың болуын сапалы бағалау шеңберінде Компания төлем болмай қалуы мүмкін екендігіне нұсқайтын бірқатар оқиғаны қарастырады. Мұндай оқиғалар орын алған жағдайда Компания мұндай оқиғаның дефолтқа әкеп соқтыратындығын және активтерді КНЗ есептеу мақсатында 3-кезеңге жатқызудың қажет екендігін немесе 2-кезең лайықты болатындығын мұқият саралайды. Мұндай оқиғаларға келесілер жатады:

- Компанияда форс-мажор, сондай-ақ қарыз алушыға (қосалқы қарыз алушыға) айтарлықтай материалдық залал келтірген немесе оған өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін өзге де жағдайлар туралы ақпараттың болуы, қызмет түрлеріне лицензиядан айыру/тоқтата тұру туралы ақпаратты, сондай-ақ қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) еңбекпен қамтылуының немесе коммерциялық қызметінің жоқтығы туралы ақпаратты қоса алғанда;
- қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) қаржылық жай-күйін нашарлата алатын оның банкрот болуының жоғары ықтималдылығы немесе қайта ұйымдастырылуы, сондай-ақ сот істеріне тартылуы туралы негізделген және расталатын ақпарат. Бұл ақпарат ретінде Компания келесі оқиғаларды қарастырады:
 - жеке тұлға қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) өлімі туралы ақпараттың болуы;
 - 60 күнтізбелік күннен артық кросс-дефолт (Компанияда ақпарат болғанда);
 - Standard&Poor's, Moody's Investors Service және Fitch рейтинг агенттіктері берген қарыз алушының СС рейтингісіне дейін және одан төмен сыртқы несиелік рейтингісінің төмендеуі;
 - қаржылық қиындықтардың нәтижесінде бұл қаржы активі үшін белсенді нарықтың жоқ болуы.

Қазынашылық және банкаралық қатынастар

Қазынашылық және банкаралық операцияларға қаржылық қызметтерді көрсететін ұйымдар, банктер, брокер-дилерлер сияқты қарсы агенттермен қарым-қатынастар жатады. Мұндай қарым-қатынастарды бағалау үшін Компанияның қаржы департаменті мен тәуекел-менеджменті департаменті қаржылық есептілік сияқты баршаға қолжетімді ақпаратты және басқа да сыртқы дерек көздерінен деректерді, мысалға, сыртқы рейтингтер, саралайды.

Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі

Несиелік тәуекелді бағалау LGD бағалаудың стандартты моделіне негізделеді, соның нәтижесінде белгілі бір LGD деңгейлері орнатылады. Бұл LGD деңгейлері ұсталып отырған қамсыздандыруды сату нәтижесінде қалпына келтіріледі немесе өткізіледі деп күтілетін сомалармен салыстырғанда күтілетін EAD көрсеткішін ескереді. Компания өзінің несие өнімдерін келешек ақша ағындарын бағалау үшін орынды болатын несиелік тәуекелдің негізгі сипаттамаларының негізінде біртекті топтарға біріктіреді. Бұл үшін өткен кезеңдердің залалдары туралы ақпарат пайдаланылып, мәмілелерге тән сипаттамалардың кең спектрі (мысалға, қамтамасыз ету түрлері), сондай-ақ қарыз алушының сипаттамалары қарастырылады.

Қажетіне қарай, 9 ХҚЕС (IFRS) бойынша LGD деңгейін анықтау үшін қаржы құралдарының әр тобы үшін жаңа деректер мен болжамды экономикалық сценарийлер пайдаланылады. Болжамды ақпаратты бағалау кезінде күтілетін нәтижелер көптеген сценарийлерге негізделеді. Негізгі бастапқы деректердің мысалдарына қамтамасыз ету құнының өзгерістері және төлемдердің мәртебесі жатады.

LGD деңгейлері 1, 2 және 3-кезең активтерінің барлық кластары мен СКНҚ үшін бағаланады. Мұндай LGD деңгейлері үшін бастапқы деректер бағаланады және мүмкін болғанда, жуырда болған қалпына келтірулерді ескере отырып, тарихи деректердің негізінде тестілеу арқылы түзетіледі. Қажет болған жағдайда мұндай деректер әрбір экономикалық сценарий үшін айқындалады.

(мың теңгемен)

28. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы

Компания соларға қатысты КНЗ есептелетін барлық активтерді үнемі тексеріп отырады. Құрал немесе құралдар портфелі бойынша құнсызданудың бағалау резервін құрудың қай сомада қажет екендігін анықтау үшін (яғни 12-айлық КНЗ немесе бүкіл мерзім үшін КНЗ), Компания бастапқы танылған сәттен бастап бұл құрал немесе құралдар портфелі бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғайғанын саралайды. Компания қаржы құралы бойынша несиелік тәуекел бастапқыда танылған сәттен бастап несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюының келесі белгілерін анықтаған кезде айтарлықтай ұлғайды деп есептейді:

- мерзімнің 30 (отыз) күнтізбелік күнге және одан артық мерзімге өтуі;
- Компанияда қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) негізгі борышы және/немесе сыйақысы бойынша басқа кредиттік ұйымдарда 31 күннен бастап 60 күнтізбелік күнге дейін өтелмеген берешегі туралы ақпараттың болуы (Компанияда ақпарат болғанда);
- қайта құрылымдалған және/немесе ұзартылған сәттен бастап 12 айдан астам, бірақ 24 айдан кем өткен, солар бойынша мерзімі өтпеген немесе мерзімі есепті күнге 60 күннен артық емес өтпеген активтер;
- қайта құрылымдалған және/немесе ұзартылған сәттен бастап 24 айдан артық өткен және солар бойынша мерзімі 30 күннен артық, бірақ есепті күнге 60 күннен артық емес өтпеген активтер;
- қарыз алушының сыртқы несие рейтингісінің нақты немесе күтілетін (негізделген және расталатын ақпараттың негізінде) төмендеуі;
- міндеттеме бойынша қамтамасыз ету құнының (кепілмен қамсыздандырудың әділ құнының бастапқыда танылған күннен бастап 50% артық төмендеуі) немесе кепілдіктердің немесе үшінші тараптарға берілген несие сапасын арттыру тетіктерінің сапасының едәуір өзгеруі, олар күтілгендей, қарыз алушы үшін шартта көзделген жоспарлы төлемдерді жүзеге асыру үшін экономикалық стимулды азайтады немесе өзге де тәсілмен дефолттың орын алу ықтималдылығына әсер етеді (Компанияда ақпарат болғанда);
- ЕДБ берген кепілдік сапасының едәуір өзгеруі, атап айтқанда қазынашылық активтер үшін пайдаланылатын (кепілдік болғанда) тәсілге сәйкес несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюына әкеп соқтыратын ЕДБ рейтингісінің өзгеруі (рейтингтің 2 нотаға және одан артық төмендеуі);
- қаржылық жағдайдың нашарлауы.

Компания сондай-ақ актив бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының болғанына нұсқау үшін қосымша сапалы әдісті, мысалы, клиентті/активті несиелік оқиғаға орай проблемасы бар немесе қайта құрылымдалатындардың тізіміне аударуды қолданады. Кейбір жағдайларда Компания жоғарыдағы «Дефолтты анықтау» бөлімінде келтірілген оқиғаларды дефолт ретінде емес, несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюына нұсқау ретінде қарастыра алады. Несиелік рейтинг деңгейлерінің өзгеруіне қарамастан, егер шартта көзделген төлем мерзімдері 30 күннен артық мерзімге өтсе, несиелік тәуекел бастапқыда танылған сәттен бастап едәуір ұлғаяды.

КНЗ ұқсас активтер тобы бойынша топтық негізде бағаланған жағдайда Компания несиелік тәуекелдің бастапқыда танылған сәттен бастап едәуір ұлғайғандығын бағалаудың дәл сондай қағидаттарын қолданады.

Қаржы активтерін топтастыру, солардың бағалануы топтық негізде жүзеге асырылады

Төменде көрсетілген факторларға қарай, Компания КНЗ-ны дербес негізде не болмаса топтық негізде есептейді. Компания КНЗ-ны келесі активтер үшін дербес негізде бағалайды: клиенттерге берілген несиелер, оның жалпы баланстық құны есепті күнге меншікті капиталдан 0,2%-ға асады және құнсыздану белгілері бар, құнсыздану белгілері бар және 1.000.000.000 (бір миллиард) теңгеден артық жалпы берешегі бар дербес болып табылатын қаржы лизингі бойынша, 3-кезеңнің барлық активтері, қазынашылық активтер (банктердегі қаражат, амортизацияланған құны бойынша / БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар), бастапқы қарызды мойындауды және жаңа қарызды мойындауды тоқтату сәтіне борыштың қайта құрылымдауы нәтижесінде СҚНҚ ретінде қайта жіктелген қаржы активтері. Компания КНЗ-ны ішкі және сыртқы сипаттамаларға қарай біртектес топтарға біріктіретін активтердің барлық басқа кластары үшін топтық негізде бағалайды.

(мың теңгемен)

28. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Несиелік тәуекел (жалғасы)

Қаржы активтерін топтастыру, солардың бағалануы топтық негізде жүзеге асырылады (жалғасы)

Активтер несиелік тәуекелдің ұқсас сипаттамаларының негізінде топтастырылады, оларға мыналар жатқызылуы мүмкін:

- бастапқы мойындау күні;
- қалған өтеу мерзімі;
- сала;
- географиялық орналасқан жері;
- нысаналы мақсаты;
- мемлекеттік бағдарламалар;
- несие өнімінің түрі;
- бизнестің бағыты;
- беру әдісі (мысалға, ЕДБ кепілдіктеріне);
- кепілмен қамсыздандыру түрі;
- несиелерді қамсыздандырумен өтеу коэффициенті;
- сыйақы мөлшерлемелері;
- жұмыс істемейтін несиелер деңгейінің көрсеткіштері (NPL).

Болжамды ақпарат пен көптеген экономикалық сценарийлер

КНЗ-ны есептеу модельдерінде Компания бастапқы экономикалық деректер ретінде болжамды ақпараттың кең спектрін пайдаланады, мысалға:

- ЖІӨ өсу қарқыны;
- жұмыссыздық деңгейі;
- инфляция деңгейі;
- экспорт көлемі.

КНЗ-ны есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы деректер мен модельдер қаржылық есептіліктің ұсынылу күніне нарықтың барлық сипаттамаларын әрдайым көрсетпейді. Осыны көрсету үшін, оқта-текте сапалы түзетулер немесе егер мұндай айырмалар елеулі болса, уақытша түзетулер ретінде жасалады.

(мың теңгемен)

28. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Несиелік тәуекел (жалғасы)***Болжамды ақпарат пен көптеген экономикалық сценарийлер (жалғасы)*

Болжамды ақпаратты алу үшін Компания сыртқы дерек көздерінен (сыртқы рейтинг агенттіктері, мемлекеттік органдар, мысалға, халықаралық қаржы институттары) деректерді пайдаланады. Компания көптеген сценарийлерге жатқызылатын салмақты коэффициенттерді айқындайды. Төмендегі кестеде КНЗ-ны бағалау үшін әрбір экономикалық сценарийде пайдаланылатын негізгі болжамды экономикалық ауыспалы мәндер/жорамалдар көрсетілген.

Шешуші факторлар	КНЗ сценарийлері	2020 жылға	2021 жылға	2020 жыл	2021 жыл
		иемденген ықтималдылық, %	иемденген ықтималдылық, %		
ЖІӨ өсімі	Оптимистік	27%	18%	5,1	5,0
	Базалық	64%	64%	4,0	4,2
	Пессимистік	9%	18%	3,6	3,4
Жұмыссыздық деңгейі, %	Оптимистік	27%	18%	6,1	5,7
	Базалық	73%	82%	4,8	4,8
	Пессимистік	0%	0%	4,8	4,8
Инфляция деңгейі, %	Оптимистік	9%	9%	4,4	4,4
	Базалық	73%	64%	4,0	4,0
	Пессимистік	18%	27%	3,3	2,9
Экспорт көлемі, миллиард АҚШ доллары	Оптимистік	18%	18%	66,4	68,8
	Базалық	73%	64%	56,2	58,2
	Пессимистік	9%	18%	51,1	47,6

Төменде Компанияның географиялық белгісі бойынша қаржы активтері мен міндеттемелердің шоғырлануы көрсетілген:

	2019 жылғы 31 желтоқсан				2018 жылғы 31 желтоқсан			
	Қазақстан	ЭЫДҰ	ТМД	Жиыны	Қазақстан	ЭЫДҰ	ТМД	Жиыны
Активтер								
Ақша қаражаты мен оның баламалары	20.565.261	-	15.404	20.580.665	44.784.065	-	14.240	44.798.305
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	8.451.527	-	-	8.451.527	-	-	-	-
Амортизациялық құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	11.179.190	-	-	11.179.190	-	-	-	-
Клиенттерге берілетін несиелер	36.929.798	-	-	36.929.798	43.004.358	-	-	43.004.358
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	226.615.145	-	-	226.615.145	186.617.217	-	-	186.617.217
Басқа да қаржы активтері	587.673	41.284	-	628.957	454.070	26.548	-	480.618
	304.328.594	41.284	15.404	304.385.282	274.859.710	26.548	14.240	274.900.498
Міндеттемелер								
Акционердің алдындағы берешек	54.136.402	-	-	54.136.402	67.232.037	-	-	67.232.037
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	62.897.857	-	13.036.472	75.934.329	26.392.074	1.469.471	13.946.165	41.807.710
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	61.963.573	-	3.421.361	65.384.934	64.596.068	-	-	64.596.068
Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек	1.572.901	4.187.737	100.948	5.861.586	1.364.446	3.342.786	94.986	4.802.218
Басқа да қаржылық міндеттемелер	160.119	-	-	160.119	90.562	-	-	90.562
	180.730.852	4.187.737	16.558.781	201.477.370	159.675.187	4.812.257	14.041.151	178.528.595
Активтер мен міндеттемелер бойынша нетто-позиция	123.597.742	(4.146.453)	(16.543.377)	102.907.912	115.184.523	(4.785.709)	(14.026.911)	96.371.903

(мың теңгемен)

28. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару**

Өтімділік тәуекелі – Компанияның төлемдер бойынша өз міндеттемелерін әдеттегі немесе төтенше жағдайларда өтеу мерзімі келген кезде орындай алмай тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында басшылық түрлі қаржыландыру көздерінің қолжетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сондай-ақ өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және болашақ ақша ағымдары мен өтімділікке күнделікті мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Бұл үрдіске күтілетін ақша ағымдарын бағалау және қажет болған жағдайда, қосымша қаржыландыруды алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуы кіреді.

Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелер сараптамасы

Төмендегі кестеде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігіндегі Компанияның қаржылық міндеттемелері бойынша негізгі борыш пен сыйақы / купон жататын төлемдер көрсетілген. Алғашқы талап бойынша өтелуі тиіс міндеттемелер өтем туралы талап ең ерте мүмкін мерзімде мәлімделсе деп қарастырылады. Дегенмен Компания көптеген кредиторлар ол тиісті төлемді жасауға міндетті болатын ең ерте күнге өтеуді талап етпейді деп күтіп отыр.

2019 жылғы 31 желтоқсан	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Жиыны
Акционердің алдындағы берешек	5.351.320	25.204.165	28.561.095	1.253.785	60.370.365
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	8.620.084	30.563.948	47.638.592	4.599.976	91.422.600
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	678.090	5.932.234	80.512.226	–	87.122.550
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	14.649.494	61.700.347	156.711.913	5.853.761	238.915.515

2018 жылғы 31 желтоқсан	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Жиыны
Акционердің алдындағы берешек	5.912.459	24.647.752	47.673.167	1.961.154	80.194.532
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	639.569	17.817.033	26.355.567	4.111.342	48.923.511
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	678.090	15.017.779	67.035.481	4.117.875	86.849.225
Дисконтталмаған қаржылық міндеттемелердің жиыны	7.230.118	57.482.564	141.064.215	10.190.371	215.967.268

Кестеде Компанияның шарттық әрі шартты міндеттемелердің шарттық қолданылу мерзімдері көрсетілген. Несиелерді беру бойынша барлық орындалмаған міндеттемелер клиент орындалуын талап етуі мүмкін ең ерте күні бар уақыт кезеңіне қосылады. Қаржылық кепілдік шарттары болған жағдайда кепілдіктің ең үлкен сомасы осы кепілдік талап етілуі мүмкін ең ерте кезеңге жатады (25-ескертпе).

	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Жиыны
2019 жыл	1.473.308	6.356.459	500.000	–	8.329.767
2018 жыл	1.497.906	4.129.932	65.000	–	5.692.838

Компания қолданылу мерзімінің аяқталуына дейін шарттық немесе шартты міндеттемелердің барлығын емес орындау талап етіледі деп күтуде.

Компанияның өз міндеттемелерін орындау қабілеті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде активтердің баламалы сомасын өткізу қабілетіне байланысты болады.

Компания Акционерден едәуір қаражатты алды. Басшылық көз жетерлік келешекте Компанияның қаржыландыру көлемдері бұрынғы деңгейде қалады және мұндай қаражатты беру қажеттілігі туындаған жағдайда Компания алдын ала хабарламаны алып, қажетті төлемдерді жасау үшін өзінің өтімді активтерін өткізе алады.

(мың теңгемен)

28. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)**Нарықтық тәуекел**

Нарықтық тәуекел – қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағымдарының әділ құны пайыздық мөлшерлемелер, валюта бағамдары және үлескерлік құралдар бағасы сияқты нарықтық өлшемдердің өзгеруі салдарынан ауытқитын тәуекелдер. Саудалық емес портфель бойынша нарықтық тәуекел сезімталдық сараптамасы негізінде басқарылады және бақыланады. Валюталық позицияларды қоспағанда, Компанияның нарықтық тәуекелінің едәуір шоғырлануы жоқ.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі пайыздық мөлшерлемедегі өзгерістердің болашақ ақша ағымдарына немесе қаржы құралдарының әділ құнына әсер ету мүмкіндігі салдарынан туындайды. Келесі кестеде пайыздық мөлшерлемелердегі мүмкін өзгерістерге Компанияның пайда немесе зиян туралы есебінің сезімталдығы берілді, мұндайда барлық басқа айнымалылар тұрақты көлемде қабылданған.

Пайда немесе зиян туралы есептің сезімталдығы 31 желтоқсанда қолданыстағы қалқымалы пайыздық мөлшерлемесі бар саудалық емес қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің негізінде есептелген бір жылғы таза пайыздық кіріске пайыздық мөлшерлемелердегі болжамды өзгерістердің әсерін білдіреді.

Валюта	Базистік тармақтардағы көбею 2019 жыл	Таза пайыздық кірістің сезімталдығы 2019 жыл	Капиталдың сезімталдығы 2019 жыл
Еуро	100	-	-
АҚШ доллары	100	-	-

Валюта	Базистік тармақтардағы көбею 2018 жыл	Таза пайыздық кірістің сезімталдығы 2018 жыл	Капиталдың сезімталдығы 2018 жыл
Еуро	100	(14.230)	(14.230)
АҚШ доллары	100	-	-

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – қаржы құралының құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Басқарма ҚРҰБ ұсынымдарына сүйене отырып, шетел валютасындағы позициялар бойынша лимиттерді белгіледі. Позициялар күнделікті қадағаланып отырады.

Келесі кестеде Компанияның 31 желтоқсанға саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелер бойынша, сондай-ақ болжамды ақша ағымдары бойынша едәуір позициялары бар валюталар көрсетілген. Жасалған талдау пайда немесе зиян туралы есепке теңгеге қатысты валюта бағамдарындағы ықтимал өзгерістің әсері есебінен тұрады (кейбір монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуы салдарынан олардың әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал келеді). Капиталға әсер пайда немесе зиян туралы есепке әсерінен ерекшеленбейді. Барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Кестедегі теріс сомалар пайда немесе зиян туралы есепте немесе капиталда ықтимал таза азаюды көрсетеді, ал оң сомалар әлеуетті таза ұлғаюды көрсетеді.

Валюта	Валюта бағамындағы өзгеріс % 2019 жыл	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері 2019 жыл	Валюта бағамындағы өзгеріс % 2018 жыл	Салық салынғанға дейін табысқа әсері 2018 жыл
АҚШ доллары	-9,0%	(154.750)	-10,0%	(597.850)
АҚШ доллары	12,0%	206.334	14,0%	836.990
Еуро	-9,0%	156.732	-10,0%	(756.208)
Еуро	12,0%	(208.975)	14,0%	1.058.692
Ресей рублі	-12,0%	432.605	-9,0%	354.576
Ресей рублі	12,0%	(432.605)	14,0%	(551.563)

(мың теңгемен)

28. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

Валюталық тәуекел (жалғасы)

Мерзімінен бұрын өтеу тәуекелі

Мерзімінен бұрын өтеу тәуекелі – Компанияның клиенттері мен қарсы агенттерінің міндеттемелерді болжанғаннан ерте немесе кеш өтеуді талап етуі немесе өтеуі салдарынан қаржылық шығынға ұшырауы, мысалы, пайыздық мөлшерлемелер төмендеген жағдайдағы тіркелген мөлшерлеменен берілген ипотекалық несиелер.

Егер 2019 жылдың басында клиенттерге берілген несиелер мен қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің 10% мерзімінен бұрын өтелетін болса, басқа параметрлер тұрақты өлшемдер ретінде қабылданса, салық салынғанға дейінгі пайда 861.950 мың теңгеге азаяр еді (2018 жылдың басында: 489.581 мың теңгеге азаяр еді).

Егер 2019 жылдың басында үлестік құралдардың 10% мерзімінен бұрын өтелетін болса, басқа параметрлер тұрақты өлшемдер ретінде қабылданса, салық салынғанға дейінгі пайда 261.262 мың теңгеге азаяр еді (2018 жылдың басында: 288.219 мың теңгеге азаяр еді).

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – жүйенің істен шығуы, қызметкерлердің қателіктері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі қызметін тоқтатқан кезде, операциялық тәуекелдер беделге зиян келтіруі, құқықтық салдарының болуы немесе қаржылық шығындарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Компания барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және әлеуетті тәуекелдерді қадағалау мен тиісті реакциялар арқылы Компания мұндай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді, кіру құқығын тиімді бөлуді, бекіту және салыстыру процедураларын, қызметкерлерді оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда бағалау процедураларын қарастырады.

29. Әділ құнды бағалау

Әділ құнның иерархиясы

Компания қаржылық құралдардың әділ құнын анықтаудың және бағалау үлгісіне қарай ол туралы ақпаратты ашып көрсетудің келесі иерархиясын пайдаланады:

- 1-деңгей: тиісті активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы баға белгілеулер (түзетілмеген).
- 2-деңгей: бүкіл бастапқы дерек нарықта байқалатын ақпаратқа тікелей немесе жанама негізделетін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бағалау моделі.
- 3-деңгей: нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмейтін есептілікте бейнеленетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бүкіл бастапқы деректі пайдаланатын бағалау моделі.

(мың теңгемен)

29. Әділ құнды бағалау (жалғасы)**Әділ құн иерархиясы (жалғасы)**

Келесі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн көздері иерархиясының деңгейлері бөлігіндегі қаржы құралдарының сараптамасы берілді:

	<i>Пайдалана отырып әділ құнды бағалау</i>			<i>Жиыны</i>
	<i>Белсенді нарықтарда баға белгілеулер (1-деңгей)</i>	<i>Маңызды қадағаланатын бастапқы деректер (2-деңгей)</i>	<i>Маңызды қадағаланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)</i>	
2019 жылғы 31 желтоқсан				
Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер				
Ақша қаражаты мен оның баламалары	20.580.665	-	-	20.580.665
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	-	8.451.527	-	8.451.527
Амортизациялық құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	11.179.190	-	-	11.179.190
Клиенттерге берілген несиелер	-	-	30.499.319	30.499.319
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	-	-	223.756.051	223.756.051
Басқа да қаржы активтері	-	-	628.957	628.957
Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржы активтерінің жиыны	31.759.855	8.451.527	254.884.327	295.095.709
Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелер				
Акционердің алдындағы берешек	-	52.557.807	-	52.557.807
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	-	73.020.778	-	73.020.778
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20.157.184	44.776.670	-	64.933.854
Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек	-	-	5.861.586	5.861.586
Басқа да қаржылық міндеттемелер	-	-	160.119	160.119
Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелердің жиыны	20.157.184	170.355.255	6.021.705	196.534.144

Келесі кестеде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн көздері иерархиясының деңгейлері бөлігіндегі әділ құны бойынша қаржылық есептілікте берілген қаржы құралдарының сараптамасы берілді:

	<i>Пайдалана отырып әділ құнды бағалау</i>			<i>Жиыны</i>
	<i>Белсенді нарықтарда баға белгілеулер (1-деңгей)</i>	<i>Маңызды қадағаланатын бастапқы деректер (2-деңгей)</i>	<i>Маңызды қадағаланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)</i>	
2018 жылғы 31 желтоқсан				
Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер				
Ақша қаражаты мен оның баламалары	44.798.305	-	-	44.798.305
Клиенттерге берілген несиелер	-	-	36.409.771	36.409.771
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	-	-	176.248.663	176.248.663
Басқа да қаржы активтері	-	-	480.618	480.618
Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржы активтерінің жиыны	44.798.305	-	213.139.052	257.937.357
Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелер				
Акционердің алдындағы берешек	-	65.672.985	-	65.672.985
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	-	39.581.856	-	39.581.856
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	16.195.175	43.774.887	-	59.970.062
Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек	-	-	4.802.218	4.802.218
Басқа да қаржылық міндеттемелер	-	-	90.562	90.562
Әділ құны ашылып көрсетілетін қаржылық міндеттемелердің жиыны	16.195.175	149.029.728	4.892.780	170.117.683

(мың теңгемен)

29. Әділ құнды бағалау (жалғасы)**Әділ құны бойынша ескерілмеген қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны**

Төменде қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша көрсетілмейтін Компанияның қаржы құралдарының кластары бөлігінде баланстық және әділ құнының салыстырмасы берілді. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құнының мәні келтірілмеген:

	2019 жылғы 31 желтоқсан			2018 жылғы 31 желтоқсан		
	Баланстық құн	Әділ құны	Танылмаған (шығыс)/кіріс	Баланстық құн	Әділ құны	Танылмаған (шығыс)/кіріс
Қаржылық активтер						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	20.580.665	20.580.665	-	44.798.305	44.798.305	-
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	8.451.527	8.451.527	-	-	-	-
Амортизациялық құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	11.179.190	11.179.190	-	-	-	-
Клиенттерге берілетін несиелер	36.929.798	30.499.319	(6.430.479)	43.004.358	36.409.771	(6.594.587)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	226.615.145	223.756.051	(2.859.094)	186.617.217	176.248.663	(10.368.554)
Басқа да қаржы активтері	628.957	628.957	-	480.618	480.618	-
	304.385.282	295.095.709	(9.289.573)	274.900.498	257.937.357	(16.963.141)
Қаржылық міндеттемелер						
Акционердің алдындағы берешек	54.136.402	52.557.807	1.578.595	67.232.037	65.672.985	1.559.052
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	75.934.329	73.020.778	2.913.551	41.807.710	39.581.856	2.225.854
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	65.384.934	64.933.854	451.080	64.596.068	59.970.062	4.626.006
Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек	5.861.586	5.861.586	-	4.802.218	4.802.218	-
Басқа да қаржылық міндеттемелер	160.119	160.119	-	90.562	90.562	-
	201.477.370	196.534.144	4.943.226	178.528.595	170.117.683	8.410.912
Іске асырылмаған әділ құндағы танылмаған өзгерістер жиыны			(4.346.347)			(8.552.229)

Бағалау және жорамалдау әдістемелері

Төменде солардың көмегімен қаржылық есептілікте әділ құны бойынша көрсетілетін активтер мен міндеттемелердің әділ құны айқындалған модельдер мен жорамалдар, сондай-ақ әділ құны ашылып көрсетілмейтін, қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша бағаланбайтын баптар сипатталған.

Әділ құны шамамен баланстық құнына тең активтер

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер жағдайында, олардың әділ құны шамамен баланстық құнына тең болуы мүмкін. Бұл жорамал талап еткенге дейінгі салымдарға, өтеу мерзімі белгіленбеген жинақ шоттарына да қолданылады.

Тіркелген мөлшерлемесі және қалқымалы мөлшерлемесі бар қаржы құралдары

Баға берілмейтін қаржылық құралдар жағдайында, ұқсас несиелік тәуекел мен талаптардағы қаржылық құралдар үшін өтеуге дейін қалған уақыт кезеңі ескеріле отырып ағымдағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағымдарының моделі қолданылады.

Әділ құны қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін активтер бойынша, келешек ақша ағындары ҚРҰБ жариялайтын статистиканың негізінде ұқсас өтеу мерзімдерімен қаржы құралдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. Көрсетілген тәсіл клиенттерге берілген несиелердің әділ құнын және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті анықтау кезінде қолданылады.

(мың теңгемен)

29. Әділ құнды бағалау (жалғасы)**Тіркелген мөлшерлемесі және қалқымалы мөлшерлемесі бар қаржы құралдары (жалғасы)**

Әділ құны қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін міндеттемелер бойынша, келешек ақша ағындары ұқсас өтеу мерзімдерімен қаржы құралдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

- Акционердің алдындағы берешек ұқсас өтеу мерзімімен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі облигацияларының орташа мөлшерлемесі бойынша дисконтталады;
- кредиттік ұйымдардың қаражаты ҚРҰБ жариялайтын деректердің, кредиттік ұйымдардың өзекті ұсыныстарының, сондай-ақ Bloomberg-те орналастырылған деректердің негізінде қаржы ұйымдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

Келешек ақша ағындарына негізгі борышты және шартта көзделген пайыздық мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздарды негізгі борыштың сомасына өтеу кіреді.

30. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау

Төмендегі кестеде күтілетін өтеу мерзіміне қатысты активтер мен міндеттемелер берілді. Компанияның дисконтталмаған шарттық міндеттемелері туралы ақпарат «Тәуекелдерді басқару» 28-ескертпесінде ашылған.

	2019 жылғы 31 желтоқсан			2018 жылғы 31 желтоқсан		
	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны	Бір жыл ішінде	Бір жылдан артық	Жиыны
Активтер						
Ақша қаражаты мен оның баламалары	20.580.665	-	20.580.665	44.798.305	-	44.798.305
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	8.451.527	-	8.451.527	-	-	-
Инвестициялық бағалы қағаздар	11.179.190	-	11.179.190	-	-	-
Клиенттерге берілетін несиелер	23.917.848	13.011.950	36.929.798	27.011.598	15.992.760	43.004.358
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	67.271.663	159.343.482	226.615.145	51.704.768	134.912.449	186.617.217
Сатуға арналған активтер	511.083	-	511.083	-	-	-
Қаржылық жалдауға арналған мүлік	7.704.941	-	7.704.941	10.740.178	-	10.740.178
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	134.137	-	134.137	175.427	-	175.427
Негізгі құралдар	-	463.556	463.556	-	995.816	995.816
Материалдық емес активтер	-	581.104	581.104	-	554.969	554.969
Қосылған құн салығы мен өтелуге жататын басқа да салықтар	1.530.715	4.606.778	6.137.493	1.048.010	2.843.028	3.891.038
Берілген аванстар	188.103	5.409.813	5.597.916	46.993	7.143.067	7.190.060
Басқа да активтер	849.024	-	849.024	966.510	-	966.510
Активтердің жиыны	142.318.896	183.416.683	325.735.579	136.491.789	162.442.089	298.933.878
Міндеттемелер						
Акционердің алдындағы берешек	29.189.959	24.946.443	54.136.402	29.398.719	37.833.318	67.232.037
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	33.748.873	42.185.456	75.934.329	15.857.129	25.950.581	41.807.710
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1.103.243	64.281.691	65.384.934	10.471.551	54.124.517	64.596.068
Өнім жеткізушілердің алдындағы кредиторлық берешек	5.861.586	-	5.861.586	4.802.218	-	4.802.218
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	-	754.648	754.648	-	1.338.197	1.338.197
Алынған аванстар	4.795.803	-	4.795.803	4.263.925	-	4.263.925
Кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер	1.514.725	6.128.169	7.642.894	1.033.804	4.036.828	5.070.632
Басқа да міндеттемелер	1.781.802	184.195	1.965.997	3.289.184	184.195	3.473.379
Міндеттемелер жиыны	77.995.991	138.480.802	216.476.593	69.116.530	123.467.636	192.584.166
Таза позиция	64.322.905	44.936.081	109.258.986	67.375.259	38.974.453	106.349.712

(мың теңгемен)

31. Байланысты тараптармен операциялар

24 ХҚЕС (IAS) «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» сәйкес, тараптардың бірінің екіншінің қаржылық және операциялық шешімдеріне елеулі әсер ету немесе бақылау мүмкіндігі бар тараптар байланысты деп саналады. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелер жасауы мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен талаптары байланыспаған тараптардың арасындағы мәмілелердің бағалары мен талаптарынан ерекшеленуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы, Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет арқылы Компанияның қызметін бақылап, оған айтарлықтай ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік агенттіктер мен басқа да ұйымдар арқылы тікелей немесе жанама түрде кәсіпорындардың едәуір санына (бірілесіп «мемлекетпен байланысты кәсіпорындар» деп аталады) айтарлықтай ықпал етеді. Компания мұндай кәсіпорындармен несиелерді тарту және ақша қаражатын орналастыру сияқты банк операцияларын жасайды.

Байланысты тараптармен операциялар көлемі, жыл соңындағы сальдо, сондай-ақ бір жылғы шығыстар мен кірістердің тиісті сомалары төменде көрсетілген:

	2019 жыл		2018 жыл	
	Бас компания	Жалпы бақылау астындағы компаниялар	Бас компания	Жалпы бақылау астындағы компаниялар
1 қаңтарға қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	-	-	-	242.303
Жыл ішінде берілгені	-	-	-	-
Жыл ішінде өтелгені	-	-	-	(9.993)
31 желтоқсанға қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	-	-	-	232.310
31 желтоқсанға қаржылық жалдау бойынша есептелген пайыздық кірістер	-	-	-	27.461
31 желтоқсанға КНЗ резерві	-	-	-	(8.008)
Құнсыздану резервін шегере отырып 31 желтоқсанға қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	-	-	-	251.763
1 қаңтарда алынған несиелер	67.232.037	11.657.380	75.539.402	-
Алынған несиелер	-	8.225.000	11.232.415	11.655.574
Өтелген несиелер	(15.531.974)	(1.000.000)	(22.971.379)	-
Есептелген пайыздардағы өзгеріс	465.015	79.319	573.992	1.806
Басқа да өзгерістер	1.971.324	(832.366)	2.857.607	-
31 желтоқсанда алынған несиелер	54.136.402	18.129.333	67.232.037	11.657.380
1 қаңтарға төленуге жататын дивидендтер	-	-	-	-
Жыл ішінде жарияланған дивидендтер	6.728.372	-	3.572.220	-
Жыл ішінде төленген дивидендтер	(6.728.372)	-	(3.572.220)	-
31 желтоқсанға төленуге жататын дивидендтер	-	-	-	-
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	36.013.167	586.582	35.894.934	-
Пайыздық шығыстар	(4.488.460)	(1.009.008)	(5.150.325)	(1.806)
Басқа да шығыстар	-	-	-	-

Басқа да өзгерістерге дисконтты мойындау және амортизация кіреді.

Акционерден және жалпы бақылау астындағы компаниядан тартылған несиелердің талаптары туралы ақпарат тиісінше 16 және 17-ескертпелерде көрсетілген.

(мың теңгемен)

31. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

2019 және 2018 жылдары 5 (бес) адамнан тұратын негізгі басқарушы қызметкер құрамына төленген сыйақыға келесі позициялар кіреді:

	2019 жыл	2018 жыл
Жалақы және өзге де қысқа мерзімді төлемдер	105.190	81.641
Салықтар мен әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	9.668	7.625
Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақының жиыны	114.858	89.266

32. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер

	<i>Шығарылған борыштық бағалы қағаздар</i>	<i>Кредиттік ұйымдардың қаражаты</i>	<i>Акционердің алдындағы берешек</i>	<i>Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер жиыны</i>
2017 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құн	46.969.316	40.429.623	75.539.402	162.938.341
Түсімдер	17.250.959	19.000.000	11.232.415	47.483.374
Өтеу	-	(17.617.865)	(22.971.379)	(40.589.244)
Бағамдық айырмалар	-	1.159.057	-	1.159.057
Ақшалай емес операциялар	66.663	(1.027.048)	2.970.889	2.010.504
Жарияланған дивидендтер	-	-	3.572.220	3.572.220
Төленген дивидендтер	-	-	(3.572.220)	(3.572.220)
Басқасы	309.130	(136.057)	460.710	633.783
2018 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құн	64.596.068	41.807.710	67.232.037	173.635.815
Түсімдер	10.233.955	40.225.000	-	50.458.955
Өтеу	(9.389.000)	(6.109.535)	(15.531.974)	(31.030.509)
Бағамдық айырмалар	-	422.979	-	422.979
Ақшалай емес операциялар	26.848	(804.840)	2.548.035	1.770.043
Жарияланған дивидендтер	-	-	6.728.372	6.728.372
Төленген дивидендтер	-	-	(6.728.372)	(6.728.372)
Басқасы	(82.937)	393.015	(111.696)	198.382
2019 жылғы 31 желтоқсанға баланстық құн	65.384.934	75.934.329	54.136.402	195.455.665

«Ақшалай емес операциялар» бабына есепті кезең үшін шығарылған борыштық бағалы қағаздар, басқа да қарыз қаражаты мен Акционерден алынған қарыздар бойынша дисконттың өзгеруі жатады.

«Басқасы» бабына есептелген, шығарылған борыштық бағалы қағаздар, Акционерден алынған басқа да қарыз қаражаты мен қарыздар бойынша төленбеген пайыздардың әсіре кіреді. Компания төленген пайыздарды операциялық қызметтен ақша ағындары ретінде жіктейді.

33. Капитал жеткіліктігі

Компания қызметіне тән тәуекелдерден қорғану мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Компания капиталының жеткіліктілігі өзге әдістермен қатар Компания қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде ҚРҰБ мен 1988 жылғы Базель келісімімен белгілеген коэффициенттерді қолдана отырып бақыланады.

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания капиталға қатысты заңнамада белгіленген барлық сыртқы талаптарды толық орындады.

Компания үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты Компанияның капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауынан және жоғары несиелік рейтинг пен қызметті жүзеге асыру мен акционерлік құнды максималдандыруға қажет капитал жеткіліктілігінің нормативтерін ұстап тұруды қамтамасыз етуден тұрады.

(мың теңгемен)

33. Капитал жеткіліктігі (жалғасы)**ҚРҰБ белгілеген капитал жеткіліктілігінің коэффициенті**

ҚРҰБ банк қызметінің жекелеген түрлерімен айналысатын компаниялардан 6,0% мөлшерінде 1-деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициентін және активтердің 6,0% мөлшерінде 2-деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициентін қолдауын және капиталдың жалпы жеткіліктілік коэффициентін тәуекелді ескере отырып алынған активтердің 12,0% мөлшерінде қолдауды талап етеді. 31 желтоқсанға осы негізде Компания капиталының жеткіліктілік коэффициенті былайша болды:

	2019 жыл	2018 жыл
Бірінші деңгейдегі капитал	99.869.101	99.538.642
Екінші деңгейдегі капитал	9.210.964	6.728.372
Капиталдың жиыны	109.080.065	106.267.014
Активтердің жиыны	325.735.579	298.933.878
Тәуекелді ескере отырып алынған активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер	321.804.838	305.001.265
Операциялық тәуекел	9.122.815	8.623.605
Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (к1) 6,0% кем емес	30,66%	33,30%
Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (к1-2) 6,0% кем емес	31,03%	32,64%
Капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (к1-3) 12,0% кем емес	32,97%	33,88%

1988 жылғы Базель келісімі бойынша капитал жеткіліктілігінің нормативі

31 желтоқсанға нарықтық тәуекелді қосуға қатысты кейінгі түзетулерді ескере отырып, 1988 жылғы Базель келісімінің ережелеріне сәйкес есептелген Компания капиталының жеткіліктілік нормативі былайша болды:

	2019 жыл	2018 жыл
Бірінші деңгейдегі капитал	99.869.101	99.538.642
Екінші деңгейдегі капитал	9.210.964	6.728.372
Капиталдың жиыны	109.080.065	106.267.014
Тәуекелді ескере отырып алынған активтер	314.054.032	300.135.365
1 деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің нормативі	31,80%	33,16%
Капитал жеткіліктілігінің жалпы нормативі	34,73%	35,41%

34. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2020 жылғы ақпанда Компания 4.000.000 мың теңге мөлшерінде «Ситибанк Қазақстан» АҚ-нан алынған қысқа мерзімді қарызды өтеді.

Коронавирус пандемиясының (COVID-19) таяу арадағы жылдам дамуына орай көптеген елдер, Қазақстан Республикасын қоса алғанда, карантин шараларын енгізді, бұл нарыққа қатысушылардың іскерлік белсенділігінің деңгейі мен ауқымына айтарлықтай әсерін тигізді. Пандемияның өзі, сол сияқты оның салдарын азайту шаралары да түрлі салалардағы компаниялардың қызметіне әсер ете алады. Компания бұл пандемияны есепті кезеңнен кейінгі түзетпейтін оқиға ретінде қарастырады, әрі оның сандық әсерін ағымдағы сәтке жеткілікті болатындай сенімділікпен бағалау мүмкін емес.

2020 жылғы наурыздан бастап, мұнай бағасының түсуін және теңге бағамының АҚШ доллары мен еуроға қатысты төмендеуін қоса алғанда, қор, валюталық және шикізат нарықтарында елеулі құбылмалылық байқалуда. Қазіргі уақытта Компания басшылығы өзгеріп жатқан микро- және макроэкономикалық экономикалық жағдайлардың Компанияның қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне ықтимал әсер етуін саралауда.